ЖАС ҚАЗАҚ

№19 (643) 12 мамыр 2017 жыл

ISSN 2074-899X

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ – 25 ЖЫЛ!

ҚАЗАҚТЫҢ АЙБЫНЫ

(Жалғасы 2-бетте)

3 ЖАНАЗА ЖИНАЛЫС ЕМЕС

7 ЖЫЛҚЫ ЖЫЛАҒАН ЖАЗ

8 FACEBOOK ФИЗИКАДАН АРТЫҚ ПА?

11 ҚАЙДАСЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ЛИЗАСЫ?

onthewebJASQAZAQ.KZ

ТҰЛҒА

Менің де Тұмашым

Қасым Қайсенов Тұмашты ерекше жақсы көретін, «золотойым» дейтін. «Тұмашша елжіреететін ақын жоқ» деп те қоятын.

(Толығырақ 9-бетте)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	50,85
DOLLAR	316,5
EURO	345
РУБЛЬ	5,55

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ

ЖАСТАР ЖАЗДЫ. JASQAZAQ.KZ ЖАРИЯЛАДЫ

(Жалғасы 8-бетте)

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Билік

БЕЙБІТШІЛІК ТІРЕГІ

«Бейбіт бір ғана келісім жүз жеңістен артық» деген өнегелі өсиетті есте ұстауымыз керек. Сондықтан басты құндылықтарымыз – бейбітшілік, келісім және бірлік дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеміз». Елбасы Отан қорғаушы күніне және Қазақстан Қарулы Күштерінің 25 жылдығына арналған әскери шеруде осылай деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы биыл ел Тәуелсіздігі тарихындағы ең ауқымды парад өткізіліп отырғанын атап өтті. Еліміздің армиясы қалыптасудың лайықты жолынан өтті. Беделі де жоғары. Елбасы атап өткендей, шеруге бес мыңнан астам адам, 400 әскери техника қатысты. Бұл айбынды армиямыздың даңқы асқақ және мақтан тұтуға тұрарлық екенін көрсетеді. Осы жылдары мемлекет әскерилерге жан-жақты қолдау білдіріп келеді. Алғашқы әскери құрылымдардан бастап қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құруға дейінгі ауқымды жолдан өтті. Мемлекеттің қалыптасуының күрделі кезеңінде армиямыз өзінің алдына қойылған міндеттерді абыроймен атқара білді. Қарулы Күштеріміз ел ішінде және шетелде жоғары беделге ие. Бұдан бөлек, мемлекет басшысы армияны жаңғыртудың басым бағыттарына тоқталып, оны әрі қарай дамыту міндеттерін анықтап берді. Н.Назарбаев «Қазақстан армиясы сақадай сай болып, кез келген қауіп-қатерге дайын тұруға тиіс. Тағы бір негізгі міндет – жеке құрамды нығайту. Біз әскери қызметшілердің жаңа буынын тәрбиелеудеміз. Әскери киім киген адамдар мінсіз абырой мен әділдіктің эталоны. Болашақ ұрпақ үшін үлгі болуға тиіс. Мерекелік парадқа Қарулы Күштеріміздің резерві болып саналатын «Жас ұлан» әскери мектептері курсанттарының тұңғыш рет қатысып отырғаны кездейсоқ емес. Бұл – армия дәстүрі мен құндылықтар сабақтастығының жарқын белгісі», – деді. Елбасы бүгінгідей бейбіт өмір сыйлап, тәуелсіз әрі мықты мемлекет құруға жол ашқаны үшін Екінші дүниежүзілік соғысы ардагерлеріне алғыс айтты. Президент бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығына тоқталып, Отанымыздың қауіпсіздігін тек армия ғана емес, еліміздің барлық азаматтары да ойлауы тиіс екендігін атап өтті.

Сонымен қатар осы аптада мемлекет басшысы соғыс қаһармандарының рухына тағзым етіп, монументке гүл шоғын қойды. Соғыс ардагерлерінің жауға қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы ешқашан ұмытылмайды. Осы орайда Елбасы Жеңістің Қазақстан Тәуелсіздігі тарихындағы маңызды рөліне тоқталып, оған ел халқының бірлігі арқасында қол жеткізілгенін айтты.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰

Бес қаруын белге ұрса,
Ат үстінде күн көрсе,
Арып-ашып шөл көрсе,
Тебінгіні теріс тағып,
Темір қазық жастанып,
Қарындас үшін қан жұтса –
Ол ер жігітке жарасар!

Мұрат МӨҢКЕҰЛЫ

Қазақтың жыраулық-поэзия дәстүрінің соңғы тұяғы Мұрат Мөңкеұлының осы бір шумақ өлеңі

ЕЛДІ СҮЮ

тыныштығымызды күзеткен сайыпқыран сақшыларымызға арналғандай. 7 мамыр – Бейбіт күндегі батырлар мерекесі. Отан қорғаушылар күні. Біз өз еліміздің, өз Отанымыздың осындай айбынды төл мерекесін қалай сезініп, қалай қарсы алып жүрміз? Біреу көршінің шашбауын көтергісі келеді. Сары-қара жолақты лента тақты. Біреу әлеуметтік желіде көк лента іздеп әлекке түскен. Көк ту түсті лентаға қызыққан жұрт қарасы қалың. Бірақ екі адамның бірінің қолы жетпеді. Аз таратса керек. Соны жеткілікті шығарып, жаппай таратуға не кедергі екен? Түсінбедік. Біреулер әлеуметтік желіде отырып алып аузына келгенін жазды: «Мерекені атап өтудің, қарсы алудың қажеті жоқ. Ол – қып-қызыл шығын» – деп жатыр. Тағы бір белсенді топ «Әскери шеру өткізу әрі шығын, әрі әскери құпияны жария ету» деп соқты. Кімнің аузына қақпақ боласың? Бірақ «тырнақ астынан кір іздейтіндер» ел айбынын ғайбаттап жатқанын, өз елінің абырой-беделіне кір жаққанын қайдан түсінсін?!

«Ерікті ауызға бөрікті бас сыяды». Интернетте қарша бораған алуан пікірдің кебі осы мәтелге саятындай. Бірақ бәріміздің жалғыз Отанымыз бар. Ол – Қазақстан. Отанды сүю – әр қазақтың борышы. Сондықтан, қандай айбынмен қарсы алсақ та, әскери шерудің өткені дұрыс. Неге?

Біріншіден, жылына бір рет болса да, армиямыздың айбынын көрсету үшін, әскеріміздің айдынын асқақтатату үшін шеру өтуі керек!

Екіншіден, ұрпақ бойына отаншылдық сезім дәнін егу үшін сап түзеген сарбаздардың айбынды шеруі ауадай қажет! Бүгінгі бүлдіршін үлкенге қарап бой түзейді. Бейбіт күнде ерлік жасап жатқан ерлерімізді нәсихаттай алмасақ, кімді үлгі тұтамыз? Сахнадағы фонограммамен айтатын әншіні ме?

Үшіншіден, алыс-жақындағы көрші елдер көрсін: қазақ елінің 25 жылда жеткен жетістігін, армиясының қауқарын, әскерінің рухын. Түрік бауырларымыз тікұшақ, кеме сияқты әскери техниканы өздері жасайтын дәрежеге жетті. Сырттан сатып алмайды. Бұл экономикалық, әскери қауіпсіздік жағынан да тиімді. Жарты жыл бұрын қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылды. Мақсаты айқын. Елдің қорғаныс саласын қамтамасыз етеді. Сондықтан, болашақта біз де өзіміздің қару-жарағымызды, әскери техникамызды шығаратын күнге жетеміз. Әскери кемеміз бар.

Төртіншіден, әскери шеру өткізу – Қарулы Күштеріміздің төл мерекесі сияқты. Бұл күні бәрі таза, ретті киінеді. Әркім өзіне артылған жауапгершілікті сезінеді. Мерекелік көңіл күймен көшеге шығып, мейрамды қарсы алады. Сол үшін де әскери шеру қажет!

Айтпақшы, өткен айда газетімізде «Жаужүрек полкі георгий лентасын тақпайды» деген атпен материал жариялағанбыз. Әлеуметтік желіде де осы сарындас жазбалар пайда болған. Алайда аяқ астынан георгий лентасының «жанашырлары» әр жерде бой көрсетті. Қысқасы, қазақ елінің асын ішіп, аяғын тебетін арам пиғылды топ өздерінің көкейін анық сездірді.

Отанды сүю – патриоттық сезім ғана емес, оны нақты іс-әрекетімен дәлелдеу керек. Елді сүю екіге бөлінбейді. Соны ұмытпасақ екен. Халқымызда «Бір тырнағы ішінде» деген мәтел бар ғой. Кейде отаншылдық, елдік мүддеге жасалатын теріс пиғылды көргенде, көнеден келе жатқан осы бір ауыз мәтел еске түсе береді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

16,6
трлн теңге. Отандастарымыздың екінші деңгейлі банктердегі депозиті

20
млрд теңге. Биыл мемқызметшілердің жалақысына бюджеттен қосымша қаржы бөлінеді

60
мың теңге. Баласын осынша ақшаға сатқан Ақтөбе облысының азаматына қатысты сот үкімі шықты

26
млн теңге. Қызылордадағы дүкеннен алтын мен гауһар бұйым ұрланды

Сөз-Жебе

Бауыржан ҚАНИЕВ, *Ақтөбе облысы Шалқар ауданының әкімі:*

«Маған баласына, немересіне жұмыс сұрап үлкен кісілер келеді. Ата-аналардан «Олардың өзі қайда жүр?», – деп сұрасаң түнімен қыдырып, түске дейін ұйықтайды екен. Иә, біз әрдайым мемлекеттің қолдауын сезінеміз. Несие, субсидия, лизинг беруде. Ал осы көмекті қолданбағандарды «жалқау» деп айтар едім. Ондай жастарға үлгі ретінде Шұбарқұдық ауылының тұрғынын айтса болады. Ол мүгедекке арналған коляскада отырса да, өз кәсібін ашып, 12 адамды жұмыспен қамтып отыр. Шалқарлық жас қыз ауыл шаруашылығымен айналысуда»

Оқшау ой

Бақтияр МӘКЕН, *Мәжіліс депутаты:*

«Жол қиылысында тұрған полицейдің ала таяғы болмаса, алыстан көрінбеуі мүмкін. Адамдар таяққа қарап біледі. Өйткені полицейдің киімі кешкі уақытта көрінбей қалуы ғажап емес. Ал ала таяқ болса, жүргізушілер тәртіп сақшысын қараңғы түскенде де көре алады. Себебі таяқтың жарығын байқап, жол қиылысын полицей реттеп тұрғанын бірден біледі. Ғаламторда қиылысты ала таяқсыз реттеп тұрған полицейлер туралы көптеген жағымсыз пікір мен бейнежазбалар бар. Ала таяқсыз полицей жұртқа күлкілі көрініп, жағымсыз әсер етеді. Бұл тыйым жол полицейлерінің өздерін де ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр. Керісінше, полицейлердің абыройын көтеруіміз керек»

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Адамнан амал артылмайды. Қарындасы түрмеде отырған ағасына құрттың ішіне есірткі салып өткізбек болған. Бұл туралы Атырау облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің басшысы Мірболат Құпысов хабарлады.

ҚҰРТ ІШІНДЕГІ ЕСІРТКІ

Оның айтуынша, ағасымен кездесуге келген қарындасы ұлттық тағамның ішіне целлофан орандысын тыққан. Оны түрме қызметкері байқапты. Сот химиялық сараптамадан алынған заттың наша мен марихуана екені анықталды. Оның салмағы – 20 грамм.

Сауалы Аптаның Жауабы

Серік СӘПИЕВ, *Мәжіліс депутаты:*

«Ақтөбе-Мақат» автожолын қалпына келтіру жобасын жүзеге асыру барысында, жабайы жануарлар туралы ұмытпау керек. Мәселен, киіктердің көшуі кезінде олардың қырылу қаупі туындауы мүмкін. Осыған байланысты жануарлардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету бойынша қандай шара қарастырылған?»

Жеңіс ҚАСЫМБЕК, *инвестициялар және даму министрі:*

«Бұл өңірде түрлі жабайы жануарлардың жаппай көшуі болады. Бірақ нақты «Ақтөбе-Мақат» жобасы бойынша мұндай аймақтар жоқ. Біз ауыл шаруашылығы министрлігінен, табиғатты қорғау басқармасынан арнайы рұқсат аламыз. Көрші учаскелерде, мәселен, Арқалықтан Ырғыз арқылы Ақтөбеге өтетін аумақта жануарлардың көшуі болады. Қазір біз бұл учаскенің жобасын жасап жатырмыз. Ол жерде жануарлардың популяциясы үшін арнайы оларды өткізетін орындар қарастырылады»

Сауалы Алдының Жауабы

«Батыс өңірде діни бағыт ұстанып, балаларына вакцинация жасатқысы келмейді. Олардың бұл әрекеті мәселе тудыруда. Жұқпалы аурулармен көбіне екпе алмаған балалар ауырып жатқаны белгілі болды. Қазіргі таңда осындай азаматтармен қандай жұмыс жүргізілуде?»

Елжан БІРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі:

«Көп жылдан бері біз аталған мәселеге мән берген жоқпыз. Себебі санитарлық-эпидемиологиялық қызмет денсаулық сақтау министрлігінің құрамынан кеткеннен кейін бұл бағытта жүргізілген жұмыстардың күші әлсіреді. Осыған байланысты «Денсаулықты сақтау және дамыту бағдарламасының» негізінде қоғамдық денсаулықты қорғау қызметі құрылды. Құжат бекітілгеннен кейін осы бағытта жұмысты бастаймыз. Біз ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуіміз керек. Өйткені, көп ата-аналар вакцинациядан кейін балаларымыз ауырып қалады деп қорқады»

Аптаның алаңы

«АҢҚАУ ЕЛГЕ АРАМЗА МОЛДА»

Осы аптадағы Мәжілістің жалпы отырысында Бекболат Тілеухан Бас прокурор Жақып Асановтың атына жолдаған депутаттық сауалында шетелдік алаяқ қаржылық компаниялардың ісін бақылауға алып, Qwestra World қызметін тоқтатуды сұрады.

Депутат отандастарымыздың қаржылық сауаттылығы төмен болғандықтан, жыл сайын жаңа атпен шығатын қаржылық пирамидаға ақша салатынына алаңдаулы. Нәтижесінде одан опық жеп, қаржысы күйіп, инсульт алып, несиесін жаба алмай жүргені қаншама! Оның айтуынша, биыл

Qwestra World деген қаржылық компанияның дақпырты жүріп тұр. Аңқау қоғам олардың «сен – инвесторсың» дегеніне сеніп, жиған-терген бар ақшасын сонда салуда. Көлік алуға, үй алуға, бизнес ашуға деп жинаған қордағы қаржының бәрін осы компанияның шотына салып, одан аз уақытта пайда көремін деп алданып отыр. Б.Тілеухан «Осы Qwestra тақылеттес Қазақстандағы компанияның орта деңгейлі менеджеріне өзінің астына келіп қосылғандар 12 миллион доллар жинап беріпті. Біз толық көлемде ақшаның көлемін біле алмаймыз – қисапсыз. Енді осындай компаниялар өздерін Испанияда орналасқан дегенмен, негізгі мекенжайы Виргин аралдары секілді оффшорда орналасқан. Бұл компаниялардың бәрі заңсыз. Қазақстанға бір тиын салығын төлемейді. Шетелдіктер бізге ақша бермейді, бізден ақшаны алып кетеді. Осыны түсініңіздерші! Бұған дейін де компаниялар болды. «Пайданы табасындар, тек ақшаңды әкесең болды» деп миллиардтан теңгені халықтан жиып алған соң, жабылып қалды. Бұлардың соңынан тергеу жүргізген біреу бар ма? Бар болса, неге әшкересін шығармаймыз? Дәл осы сәтте қазақ Questra компаниясына ақша салу үшін кредит алып, ломбардқа алтынын өткізіп, көлік-үйлерін сатып жатыр. Әне-міне деген Questra да жабылады. Үрленген шар секілді жарылады. Ақырында инсульт, инфаркт алған кедей ағайын қалады. Сосын кім жаман? Үкімет жаман! Себебі бұндай қаржылық компанияларды тексеру керек еді», – дейді. Ол шетелдік қаржылық компаниялардың ісін тезірек бақылауға алып, тоқтатудың уақыты жетті деп отыр.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

Бетбұрыс

МОҢҒОЛ ТӨЛ ЖАЗУЫНА КӨШПЕКШІ

Моңғолия ұлттық мәдениетіне бет бұруда маңызды қадам жасады. Бұл елде іс қағаздары көне моңғол жазуына көшіріледі. Central Asian порталына сілтеме жасаған ақпарат құралдары жаңа реформаның 2025 жылдан бастап іске асатынын хабарлады.

Жоғарыдан төменге қарай жазылатын әрі 28 белгіден тұратын моңғол әліпбиі 1991 жылдан бері орта мектептерде бөлек пән ретінде оқытылып келеді. Тарихи деректер бойынша, аталған жазу Шыңғыс ханның әмірімен енгізілген. Осы жазу негізінде бірқатар еңбектер қағазға түсірілді.

Моңғолия қазіргі қолданыстағы кириллицаны 1940 жылы Орталық Азиядағы республикаларымен бірге қабылдаған болатын.



Қылбұрау

ПАРА АЛҒАН

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорының бұрыңғы төрағасы Руслан Ерденаевтың ісіне қатысты жаңа дерек! Ол салымшылардың ақшасын талан-таражға салып қана қоймай, орынбасары Дабыр Медетбековпен бірігіп, миллиондап пара да алған деседі.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті параның не үшін және кімнен алынғанын әзірге жария еткен жоқ. ktk.kz хабарлағандай, заңды белшеден басқан экс-төраға мен орынбасарына қатысты тағы бірнеше бап бойынша қылмыстық іс қозғалған. Жалпы, зейнетақы қоры ісіне қатысты тағы үш адамның қамалып жатыр. Олар – қордың бұрыңғы басқарма басшысы Мұса Бахтов, «Бузгул Аурум» мен «АлатауМұнайАлтын» компанияларының экс-басшылары Азат Найзағарин мен Бақытжан Кенжебаев. Оларға қордағы 5 миллиард теңгені өзара бөлісіп алды деп айып тағылды.

Мәселе

ЖАНАЗА ЖИНАЛЫС ЕМЕС

Арқа жұртының арқасына аяздай батып тұрған бір мәселе бар. Ол – дәм-тұзы таусылып, өмірден озған ағайынның жаназасы.

Тірілер қамын, жер басып жүрген жамағаттың жайын жазып та, айтып та жүрміз. Кей-кейде орынсыз дарақылықтың, бекерге мал шашпақтың мысалы тым көбейіп кеткенде, сонадайдан көзге ұрып тұрғанда қазақтың қамы үшін айтқың-ақ келетін тұстары бар. Таяуда Көкше жұртына есімі мәлім, ұзақ жыл ел басқарған, кешегі кеңес заманында әуелі кеңшар директоры, кейін аудан басшысы болған абзал ағамыз өмірден озды. Бес баласы бар еді. Бесеуі де бұл күнде ат үстінде жүрген азаматтар.

Ет жақын ағайынның, оның ішінде өз отбасының отыз омыртқасын опырып, қырық қабырғасын қайыстырған қайғының жүгі тым ауыр еді. Олай болатын да жөні бар. Ағамыздың бағзы заманда, ел басқарып жүрген кезінде жақсылық шарапаты талайларға тиген. Көп адамға көмектескен. Одан былай бес бірдей әулетпен мың жылдық құда болып отыр. Әйтеуір, шиырып айтқанда, жаназаға жиналған жұрттың қарасының молдығы соншалық, әсірелеп айтсақ, жер қайысқандай. Анығы мыңға тарта адам жиналды.

Мың адамның біразы жылай келсе, біразы сынай келген. Күні кеше тіршілігінде аузынан жалын атып тұрған азамат еді, жарықтық дүниені де жалпағынан басты ғой. Енді сондай адамды бес ұлы адам сияқты өзіне лайық құрметпен жөнелте алар ма екен деген сынайлы.

Бес ұл да тартынып қалмаған. Жаназаға Көкшетаудағы көп базарды адақтап жүріп, жалы құлағынан асатын, қазысы үш елі үш жылқы сойды. Осы арада оқырманға түсінікті етегі, мұрты бұзылмаған омыртқа. Тіпті алдындағы астауға дендеп туралмайды да. Етті жайғастырған соң екінші кезекте дастарханның үстіндегі тәтті, дәмді қыл үстінен бөлініп, пакетке түседі. Соңынан жеміс-жидекпен бастырылады. Қалғаны бос әңгіме. Әуелі төрткүл дүниені тегіс есеңгіреткен нарықтың жай-күйі, жер-жердегі қымбатшылық, ушығып, ұшынып бара жатқан базардағы баға. Әлемдік саясаттан бастап ауылдағы, отбасындағы саясатқа дейін. Оның ішінде кесірлі келіннің тәрбиесі қалыс қалмайды.

Ертеректе жаназаға жиналған жұрт сол үйдің басына түскен ауыртпалықты шама-шарқынша көтерісе келетін, артында қалған тіріге жұбату сөзін айтатын. Қолынан келгенше көмегін көрсетіп, жан-тәнімен қызмет ететін. Сөйтіп, қайғының қара бұлтын сейілтетін. Қазіргі кезде осылай, қайтер екен дегендей сынай келеді.

Ендігі бір мәселе – жаназада сөз сөйлеу, құдды тойдағы тәрізді. Соңғы жылдары батаға да асаба сайлап алатын болды.

болуы үшін тарата айтайық, тай-құнан емес, бесті бие, құр ат тәрізді ірі жылқыдан бар мүшесін түгел тартқанда тұп-тура 24 табақ шығады. Әр табақ 12 адамға арналған. Сонда мынау деген жылқыңыз небары 290 адамға ғана жетеді. Оның үстіне алдына келген табақтың қазысы қандай, жамбастың қыртысы қандай екендігін сынап бағып, тура сол жерде дабыралап айтып отыратындар да бар. Талай жаназада естігенбіз. Қайтып жатқан кісінің қазасына емес, алдына келген малдың жас емес, кәрі екендігін айтып опынғандар да кездеседі. Сондықтан да, тіріге абырой керек. Шашылып-төгілуден алдына жан емес, ұлт салмай тұр. Ал пышақ көтеретін, жаназаға жиналған жұрттың алдында қара бет қылмайтын семіз жылқының нарықтағы бағасы 400 мың теңгенің төңірегінде. Енді үш жылқының құнын өзіңіз де есептей алатын шығарсыз.

Бұл тек жылқы мәселесі ғана. Ал дастарқан ше? Дастарқанның мәзірі құдды тойдағыдан сынық сүйем кем емес. Жеміс-жидек дейсіз бе, тәтті-дәмді дейсіз бе, үстелдің белі қайысады. Қазіргі халыққа той мен жаназа бірдей. Отырып жайғасқан соң қытайдың үлкен ала қабынан кем түспейтін, пакетін суырып алып, дастарқанның үстіндегіні қидай сыпырып сала бастайды. Алдымен, астаудағы ет кетеді: мүше-мүшесімен, шала мүжілген жамбас, туырылып жатқан қазының Тегін емес әрине, ақысын төлейді. Асаба кезек-кезегімен, реті, жолына қарай сөз береді. Кейде жиналған жұртты мезі етіп, 15-20 адам сөз сөйлейді. Сөйлегенде де тауып сөйлесе бір жөн, микрофон қолына тиген адам бүгін о дүниелік болған замандасы туралы жалғыз ауыз сөз айтады да, қалған әңгіменің ауаны өзінің өмірбаяны, азды-көпті халыққа сіңірген еңбегі туралы болып кете барады. Былай деп бастайды олар:

– Осы марқұм бәлен жердегі түген кеңшарды басқарып тұрды. Сол кезде мен көршілес кеңшарда қызмет істеуші едім. Кейін бұл кісі басқа ауданға ауысқанда, мен де ауыстым.

Бітті, болды. Ендігі әңгіме өзі туралы. Ал сызығы жетіп, қазаға ұшыраған, марқұм болған адам туралы қайтып тіс жармайды. Осындай көбік сөздің жаназада не қажеті бар? Рас, соншалықты сөйлеу қажет болса, алдымен бір адам бар өмірбаянын, қызметін жіпке тізгендей етіп ықшамдап айтып шықса жетіп жатыр емес пе. Сонда шала таныс, алыстан келген құда-құдағи, былайғы ағайын марқұмның тіршілікте атқарған шаруасымен толайым танысып білер еді. Кейінгісінің қажеті жоқ. Оның орнына діни уағыз айтылса, марқұмның аруағына бағышталып құран оқытылса, о дүниенің жақсылығын тілеген тілек айтылса, орынды емес пе!

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

4 ЖҚ NARYQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Орайы келген сұхбат

ӨНДІРІСТІ ӨРГЕ СҮЙРЕЙТІН – ТЕХНОЛОГИЯ!

Елімізге өндірістің озық тәсілі мен жаңа технологияны әкелген «Теңізшевройл» (ТШО) компаниясы өткен жылы тың жобаларды іске асыра отырып, өндіріс көлемін арттыратынын мәлімдеді. Мұнай бағасы төмендеген тұста қандай стратегия оңтайлы? Қазақстандық мазмұнның тиімділігі неде? Осы және өзге сауалдарға ТШО үкімет және бұқарамен байланыс жөніндегі бас менеджері Рзабек Артығалиев жауап берді.

– Былтыр жазда ТШО-ның Келешек кеңею жобасы (ККЖ) мен Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ҰЕҚБЖ) қаржыландыру жайлы соңғы шешім қабылданғаны жайлы хабарланған болатын. Бұл жобаны жүзеге асыру нәтижесінде теңіз кенішінде мұнай өндірісін 12 млн тоннаға арттырып, жаңадан 20 мың жұмыс орнын ашу көзделген. Аталған жобаны іске асыру қазір қандай кезеңде?

– ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны жүзеге асыру жалғасуда. Теңіз кен орнындағы инфрақұрылым құрылысы ойдағыдай қарқынмен жүргізілуде. Бұрғылау бағдарламасын орындау үшін қажетті мұнай жинау жүйесі құрылысының қарқыны үдетілді. Үшінші буын зауытында (ҮБЗ) жалпы құрылыс жұмыстары және инфрақұрылым нысандарының құрылысы жалғасуда. Сондай-ақ шикі газ айдау үшінші буыны нысанында қада қағу жұмыстары жүргізілуде.

– Компания екінші буын зауытын *(Завод второго поколения)* іске қосу арқылы өндіріс көлемін тәулігіне 75 мың баррельге жеткізді. Үшінші буын зауыты құрылысында модульдерді пайдаланудың *(Модульное строительство)* қандай артықшылықтары бар? Жалпы, модульді құрылыстың ерекшелігі жөнінде айтып кетсеңіз?

– Жобаны жүзеге асыру барысында модульдік құрылыс әдісі пайдаланылатын болады. Модульдік құрылыс әдісі аса күрделі жұмыстарды кеніштен тыс аймақтағы бақылау деңгейін жоғары жағдайда орындауға мүмкіндік береді. Модульдерді пайдалану ТШО-ға қажетті жоғары сапалы, сенімді өндіріс нысанын уақтылы, экономикалық тұрғыдан тиімді түрде салуға мүмкіндік беретін озық құрылыс әдісі болғандықтан таңдалды. ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында жұмысқа жұмылдырылатын 20000-ға жуық жергілікті мамандардың көпшілігі қазіргі таңда әлемдегі орта және үлкен құрылыс жобаларында қолданылатын негізгі құрылыс әдісіне айналған модульдерді құрастыру технологиясымен салынатын ірі жобаға тікелей қатысып, тәжірибе жинай алады. Модульдер Қазақстан, Оңтүстік Корея және Италияда жасалып, соңғы құрастыру үшін теңіз кен орнына тасымалданатын болады.

– Мамандар мұнай бағасын реттеу мүмкін болмайтын нарықтық жағдайда мұндай мегажобалар ұзақ мерзімді стратегиялық инвестиция болып табылады дейді. Бұл пікірмен келісесіз бе?

– Бұл инвестициялар ТШО-ға, оның серіктестеріне және елімізге қомақты пайда әкеледі. Өйткені оның нәтижесінде мұнай өндірісі ұлғаяды. Жаңа жұмыс орындары ашылады және жергілікті бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер туады. Технологиялар алмасып, оқыту бағдарламалары жүзеге асырылады. Теңіз кен орны әлемдегі құрлықта орналасқан ең ірі кен орындардың бірі болып табылады. Оның қойнауында барланған елеулі қорлар бар және ККЖ-ҰЕҚБЖ осы қорларды қауіпсіз әрі экономикалық тұрғыдан тиімді түрде игеруді жалғастырудағы келесі саты болып табылады.

– Бүгінгі таңда ТШО елімізде мұнай өндіру бойынша жетекші компания болып отыр. Кәсіпорын қазақстандық қамтуды *(казахстанское участие)* арттыру, заманауи технологияны меңгерген жергілікті мамандарды жетілдіру саласында да алдыңғы орында деп айтуға лайықты ма?

– ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту бағытындағы міндеттемелері өзгеріссіз қалды. Құрылған уақыттан бері ТШО қазақстандық қамтуды дамытуға аса жоғары мән береді. Өткен жылы ТШО отандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға 1 млрд 900 млн АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады. Оның ішінде 730 млн АҚШ долларынан астамы ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасына тиесілі. ТШО әрдайым отандық тауарлар мен қызметтерді тұтыну мүмкіндіктерін іздестіреді, және инженерлік-техникалық жұмыстарына мердігерлерді, жобалау институттарын, жеткізушілерді және құрылыс мердігерлерін тарту арқылы осы бағытта өз үлесін қосады. Қазіргі таңда ТШО-да жұмыс жасайтын отандастарымыздың үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 86% құрайды.

– Мұнай-газ компанияларының қоршаған ортаға зиян тигізіп, айыппұл төлеп жататыны бар. Бұған жол бермеу үшін қандай жұмыс атқарылып жатыр? Жалпы, жаңа технология мен әлемдік озық тәжірибені бізде қолданудың мүмкіндігі қандай?

– 2000 жылдан бері ТШО қоршаған ортаға келтірілетін әсерді азайту жобаларына 3 млрд АҚШ долларынан астам көлемде қаржы бөлді. Осындай қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар ТШО-ға газды кәдеге жарату көрсеткішін 98%-дан асыруға мүмкіндік берді. 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға тасталған шығарындылардың жалпы үлесі 71%-ға азайды. 2000 жылдан бері ТШО күрделі жобаларға және жабдықтар сенімділігін арттыру бағдарламасына салған инвестициялар арқылы жылдық мұнай өндірісін 2,5 есеге арттырды. 2000 жылдан бері жабдықтар сенімділігін арттыру бағдарламасына салынған инвестициялар зауыттардағы техникалық ақаулардың санын, сондай-ақ қышқыл және шикі газды жоспардан тыс жағу көлемін 96%-ға азайтуға мүмкіндік берді.

2017 жылдың ақпан айында ТШО-ның өндіріс базасының жөндеу және эксплуатация аймағында орналасқан біріктірілген зертхана кешені құрамына кіретін жаңа зертхана іске қосылды. Аталмыш зертхана қызметкерлері ТШО-ның экологиялық мониторинг бағдарламасы барысында алынатын деректердің сапасын қамтамасыз ету үшін сынамалар алып, талдаулар жүргізетін болады. Аталмыш өнімділігі жоғары зертхана ТШО-ға қоршаған орта жағдайы жөнінде, атап айтқанда, ауа сапасы, жерасты сулары мен топырақ құрамы жөнінде нақты және сенімді мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан
Руслан ДОСТАЕВ

Келісім

50–ДЕН ТҮСПЕУІ КЕРЕК!

Еліміз әлемдік базардағы Brent маркалы мұнайдың құны 50 доллардан төмен түспеуіне мүдделі. Өйткені, республикалық бюджет осы бағамен есептелген. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің көкейіндегі сауалдарға жауап берген энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың пікірі осындай.

«Қара алтынды» құлдырамау үшін бірқатар елдер өндіріс қарқынын азайтты. Министр осы келісім мерзімін ұзарту мақсатымен келіссөз жүргізілетінін хабарлады. Бұған дейін Сауд Арабиясының энергетика министрі Халид Әл Фалих елімізді аталған құжатқа қосылуға шақырған болатын.

OPEC

Қашаған кеніші қарқын ала бастаған тұста шикі мұнай көлемін кеміту де қиын шаруа. Қ. Бозымбаев осыған орай былай дейді. «Былтыр іске қосылған Қашаған ірі көлемдегі өндіріске биыл қол жеткізеді. Қашаған - әлемдегі бірегей әрі аса ірі кен орны. Қазір күніне 140-150 мың баррель алынуда. Біздің есебімізше, үстіміздегі жылдың екінші жартысында тәулігіне 200 мың баррель өндіріледі. Бұл анық. Ал жылдың аяғында, бәлкім, 300 мың баррельге де жетіп қалар. Сондықтан мәселені әріптестерімізбен ақылдасамыз».

Алдағы шілде айына есептелген Brent маркалы мұнай бағасы 46 долларға дейін төмендеді. «Қара алтынға» қарайлап отырған OPEC *(Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы)* мүшелері де, оған кірмейтін Ресей секілді елдер қазірдің өзінде әлгі келісімді тағы 6 айға ұзартуға ынталы. Осыдан болар, екі жетіден кейін Венада өтетін басқосуда пәлендей пікірталас болмауы да мүмкін. Оның үстіне, қазіргі бағаның күрт арзандауына ықпал еткен АҚШ-тағы қоймалардағы мұнай қоры да біртіндеп кемиді деп күтілуде. Осы екі фактор қара май құнын көпшілікке қолайлы 50 доллардан түсірмеуге ықпал етуі ықтимал.

Биылғы 4 айдағы біздегі мәлімет көңіл көншітерліктей. 28,2 млн тонна мұнай өндірілді. Өткен жылғы осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырсақ, жоспар 107 пайызға орындалған. Экспорт 23 млн тоннаға жетті (108,6%). Сондай-ақ 4,5 млн тонна қара май өңделді (107%). Министр соңғы көрсеткішке қатысты жағымды жаңалықты жария етті. Ендігі жерде мұнай өңдеу зауыттары кез келген уақытта жөндеуге жабылмайды. Тек үш жылда бір рет өндірісті тоқтата алады. Мұндай қадам ішкі нарықта мұнай өнімдерінің тапшылығын туғызып, бензин мен дизель отынының бағасын орынсыз қымбаттатқысы келетіндерге тосқауыл болары анық.

Талап ТІЛЕГЕН

Әуебайланыс

Аптасына екі рет ұшады. Бұдан былай оңтүстік астана тұрғындары жұма мен жексенбі күндері

Qazaq Air әуекомпаниясы Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қала Таразға жаңа бағыт ашты. Бұл бағытта алғаш рет әуеге көтерілген ұшақпен компания басшылығы мен БАҚ өкілдері Таразға аттанды. Қайта жаңғыртудан өтіп, халықаралық талаптарға сай жаңғыртылған Тараз әуежайына ашылған жаңа бағыт тарихи оқиғаға толы көне қала мен оңтүстік астанамызды байланыстыратын алтын көпір болады деген үміт бар.

ТАРАЗ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

еліміздің ежелгі қаласына сапар шеге алады. Алматыдан Таразға орындалатын бағыттың ұзақтығы 55 минут болса, билет құны 12 041 теңгеден басталады.

БАҚ өкілдерімен кездесуде Qazaq Air әуекомпаниясының коммерциялық директоры Әділ Даулетбек «Біз жаңа бағыттың ашылуына қуаныштымыз. Әсіресе Тараз қаласының заманауи талаптарға сай жаңартылған жаңа терминалы қызмет көрсету сапасын арттыратынына сенемін. Жаңа бағыт Жамбыл облысы мен Алматы тұрғындарына өте тиімді болмақ. Алматы – Тараз бағдары ашылғаннан көне қалаға келуші туристер саны артып, мыңдаған адамдар келеді деген сенімдеміз» – деді. Сондай-ақ ол кездесу барысында Qazaq Air әуекомпаниясының болашаққа жоспары мен қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған жобаларымен бөлісті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы-Тараз-Алматы

Статистика

БАҒА ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

(АЗЫҚ-ТҮЛІК, сәуір 2017)

	БІР КЕЛІНІҢ БАҒАСЫ ТЕҢГЕМЕН						2016 жылғы сәуірдегі орташа баға
	орташа	ең төмен		ең жоғары		алшақтық, есе	
		қала	баға	қала	баға		
Бірінші сұрыпты бидай ұны	122	*Павлодар*	87	*Алматы*	161	1,9	111
Бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан	125	*Тараз Шымкент*	100	*Ақтау*	156	1,6	111
Вермишель	252	*Тараз*	203	*Ақтау*	387	1,9	240
Күріш	285	*Қызылорда*	202	*Астана*	397	2,0	288
Ұнтақ жарма	213	*Қарағанды*	171	*Атырау*	296	1,7	198
Қарақұмық жармасы	411	*Ақтөбе*	335	*Астана*	549	1,6	359
Сиыр еті жауырын-төс бөлігі	1 360	*Орал*	1 200	*Астана*	1 552	1,3	1 992
Сарымай	1 823	*Павлодар*	1 492	*Ақтау*	2 750	1,8	1 586
Күнбағыс майы, литр	424	*Павлодар*	374	*Актау*	468	1,3	428
Шикі сүт, литр	180	*Көкшетау*	110	*Алматы*	229	2,1	175
Жұмыртқа, ондық	267	*Қарағанды*	210	*Алматы*	327	1,6	248
Картоп	123	*Павлодар*	98	*Алматы*	143	1,5	75
Алма	342	*Тараз*	283	*Ақтау*	464	1,6	354
Ақ қауанды қырыққабат	101	*Павлодар*	75	*Ақтау*	148	2,0	123
Құмшекер	237	*Қарағанды*	212	*Талдықорған*	257	1,2	239
Шай	2844	*Ақтөбе*	2 449	*Қостанай*	3 199	1,3	2 337

Дереккөзі: Статистика комитеті

Бизнестің жол картасы – 2020

СҮТТІҢ ДӘМІ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА

«Нұр Отан» партиясының бірқатар аудандық филиалдарында «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» жобасы аясында балалар үйлерінің тәрбиеленушілері және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына кәсіптік бағдар беру мақсатында ірі кәсіпорындарға саяхаттар ұйымдастырылды.

Сондай кәсіпорындардың бірі – Текелі сүт зауыты. «Нұр Отан» партиясы облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаевтың қатысуымен Текелі қаласының №4 және №6 мектептерінің биылғы жылғы түлектері аталған зауытпен танысып қайтты. Шара барысында зауыт басшылары

қонақтар мен жастарға кәсіпорынның тыныс-тіршілігі, өнім сапасы мен өндіріс қуаттылығы жайында баяндап берді. Өз кезегінде Ғалиасқар Төлендіұлы болашақ мамандарға дәл осындай кәсіпорындарда еңбек етудің табыстылығы мен қажеттілігін баса айтып өтті.

Текелі қалалық сүт зауытының директоры Геннадий Савинов «Сапалы шикізат арқылы ешбір қоспасыз таза, табиғи өнім шығарамыз. Зауыт тәулігіне 15 тоннаға дейін 15 түрлі сүт өнімін өндіреді. Болашақта өндіріс қуатын арттыру жоспарымызда бар. Бүгінгі акцияға қатысқан жас жеткіншектер арасында сүт өндірісіне келіп еңбектенем деушілер табылып жатса, қуана жұмысқа алар едік», – дейді.

№ 6 орта мектеп мұғалімі Нұржан Махаббатқызы өз сөзінде оқушылардың осындай шараға қатысуының болашақ мамандық таңдау мәселесіне көп септігін тигізетінін тілге тиек етті. Оқушыларды қызықтырған сұраққа зауыттың бас технологі Валентина Кубрак жауап берді. «Облысымызда технолог мамандарды Талдықорған қаласындағы агротехникалық колледж бен Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университеті дайындайды. Жастар жағы сүт технологиясына қызығушылық танытып жатса, біз өз тарапымыздан қолдау көрсетіп, тегін оқыту мәселесін қарастыруға әрқашан дайынбыз», – деді бас технолог. Кәсіпорынға экскурсия жасау кезіндегі қызықты кездесуге куә болған қонақтар зауыт өнімінен дәм татып, соңынан естелік суретке түсті.

Жұмыспен қамту

ӨРІК ӨСІРГЕН ӨЛКЕ

Кәсіпкерлер бүгінде жаңа экономикалық саясаттың басты дем беруші бейнесіне айналды десек асыра айтқандық болмас. Шағын және орта бизнестің жалпы экономикадағы үлес салмағы 2030 жылға дейін 50 пайызға жетуі керек. Бұл – Елбасының кәсіпкерлерге, жалпы қауымға берген тапсырмасы.

Тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде талай сынақтан, сыннан сүрінсек те, сынбадық, тайғанақтасақ та құламадық. Өйткені біз бірлік пен ынтымақтың арқасында мемлекет ұстанған саясаттың халықтың әл-ауқатын жақсарту мен тұрмыс деңгейін көтеру жолына арналғандығын жанымызбен түсіндік. Қоғам өміріне ене бастаған нарықтық қатынастың құпиясы мол қатал сабағынан қорықпағандар, бел буып тәуекелге барғандар, ең бастысы жауапкершіліктен қашпағандар бүгінде өз шаруасын шыр айналдыра дөңгелетіп, белгілі бір кәсіптің құлағын ұстап, өзіне де, мемлекетке де қыруар пайда келтіріп отыр. Біздің аудан да облыс орталығынан шалғай жатқан, шет ауыл саналғанымен іскер азаматтары арқылы кәсіптің түр-түрін меңгеріп, әркім өз жүрек қалауымен, белгілі бір іске икемділігімен дараланып, өзгеден оза шауып, қарым-қабілетіне сай ерекшеленуде. Сондай жанның бірі – шырындық Ялқун Юсупов. Жүзім өсірушілердің көшбасшысы, тіпті дарасы деуге болады. «Диана-2» шаруа қожалығын құрып, аудан аумағында еңбек етіп жатқанына оншақты жылдан асып кеткен кәсіпкер бұл саланың майын ішіп, мәйегін жеп, көпке үлгі болып отырғаны да жасырын емес.

Аталған шаруашылықтан өзге жүзім өсірумен айналысқандар жоқтың қасы. Алма, өрік, шиеге қарағанда жүзімнің технологиясы да, өсіру заңдылығы да қиындау, күрделілеу екендігі айтпаса да түсінікті. 70 гектар алқапқа өсірген жүзімінің 8 гектары асханалық, яғни жеуге арналған, 32 гектары «Саперави» шарабына арналған сұрыпты түрі. Биылғы ауа райының жаңбырлы болғаны шаруаға өте тиімді болып тұрғандықтан, алынатын өнімнің де жемісті боларына көзі жетіп отыр. Шаруашылық басшысының айтуынша, арнайы сорттан 150-180 тонна өнім аламыз деген үміт бар көрінеді және қайта өңдеу үшін елге аты танымал «Бахус» фирмасына күтіп-баптап отырғанын жасырмады.

Қомақты шаруаның басын қайырып, қожалықтың жұмыс аясын кеңейткен ол ауыл шаруашылығы техникаларының да заманауи түрін алып, 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтыса, науқан кезінде олардың саны 30-40-қа дейін артып, 60-70 мың теңгенің көлемінде орташа жалақы алып, нәпақаларын тауып отырғаны кісі қуантарлық.

Көзін тапқанның көңілі тоқ. Олай болса Ялқун Юсуповтың бүгінгі тіршілігі кімге болса да үлгі. Аудандағы іргелі шаруа қожалықтарының ішіндегі «Диананың» өзіндік белгісі, таңбасы, ерекшелігі бар екендігі дау тудырмас.

БАЛЫҚ БАЙЛЫҚҚА БАСТАЙДЫ

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту өте маңызды. Осыған орай Алматы облысының Ұйғыр ауданында жаңа кәсіпорындар бой көтерді. Аудан тұрғындарын жұмыспен және тиесілі қызмет түрімен қамтамасыз етуде. Бұл дегеніміз – елдің әл-ауқаты мен дамуының бірден-бір бөлшегі. Ауданда алғаш ашылып отырған кәсіпорынның бірі – «Тенгри фиш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

«Тенгри фиш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Аталмыш кәсіпорын балық өсірумен айналысып келе жатқанына бір жылдың жүзі болған. Балық өсірудегі қадам 2014 жылдан бастау алып, 2015 жылы іске асты. Жалпы он адамды жұмыспен қамтып, арнайы маманмен жұмыс атқарып отыр.

Жүн және тері өңдеу зауытының құрылысы аяқталып, қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. 2016 жылы зауыт 742 тонна тері өңдеп, 556,0 мың теңге салық төледі. 100 мерзімді және 23 тұрақты жаңа жұмыс орны ашылды. Жалпы зауытың қуаттылығы: бір жылда 5000 тоннаға дейін жүн өңдеу, 15000 дана ірі қара терісін, 1 млн дана қой-ешкі терісін өңдеу мүмкіндігі бар. 2017 жылға 3,5 млрд теңгеден астам өнеркәсіп өнімін өндіру жоспарлануда. Tengry Fish жауапкершілігі шектеулі серіктестік балық шаруашылығы өз қызметін бастады. 65,0 мың балықтың «Мазамбик тилапия» түрі әкелінді. Шаруашылықтың қуаттылығы 1 жылда 300 тонна балық өсіреді. Былтыр 12 тонна балық өсіріліп, 12,0 млн теңгеге сатылған. 200,0 мың теңге салық төлеген.

Өткен жылдың маусымынан өз жұмысын бастап, бүгін де жылына 300 тонна балық өсіруді мақсат еткен балық шаруашылығы өз жұмысын алға тартып келеді. TENGRY FISH жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан қолға алынған бұл іс – республика бойынша бірден-бір инновациялық жоба. Заман талабына сай технология және жабдықтарды қолданып, 650 метр шұңқырдан қазып шығарылған таза артезиан суында Африка елдерінде кездесетін тилапия және сом, мозамбиялық тилапия балығының уылдырығы өсіріліп, жұртшылықты экологиялық



жағынан таза және отандық арзан өніммен қамтамасыз етуде. Өз қаражатына жаңа кәсіптің жолын ашқан компания директоры Амантай Бөпейбайдың бұл бастамасы көпке үлгі боларлықтай.

Орташа бағасы 126,97 миллион теңге болған жобаны жүзеге асыру үшін 15 гектар жерге балық шаруашылығын құрған компания келешекте балық түрін жетілдіру көлемін 1,5 мың тоннаға жеткізуді және балықты қайта істеу цехын іске қосуды жоспарлап отыр. Егер де ойға алынған жоспар орындалып жатса, жұмыспен қамтуда тұрғындар саны біршама өскен болар еді.

«Ұйғыр ауданының жүн және тері өңдеу Шонжы зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандағы шаруа қожалығымен бірлесе жұмыс атқарып келеді. Зауыт толықтай заманауи жабдықпен қамтамасыз етілген. Бүгінде біраз өңдеу жұмысын атқарып, еліміздің біраз бөлігіне жөнелтілген. Дәл осындай маңызды нысанның бірі – Тасқарасу стансасында орналасқан теміржол тұйығы. Дәл осындай тұйық ауданымызда осыдан екі жыл бұрын ашылғаны барлығымызға мәлім. Ендігісі «Агнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі деген атпен Райымбек, Панфилов және Ұйғыр аудандарына қызмет көрсетіп келеді.

Қазіргі уақытта 15 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорын болашақта 50 адамға жұмыс ұсынбақ. Аталған кәсіпорындардың ашылу салтанатына Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұратқызы, аудан әкімі Алымжан Тохтасунов қатысты. Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұратқызы кәсіпорын жұмысшыларына табыс тіледі. Сонымен қатар облыс бойынша дәл осындай 25 кәсіпорынның ашылып отырғандығынан хабар беріп, соның үшеуі Ұйғыр ауданына тиесілі екендігін жеткізді. Құттықтау сөздер мен жылы лебіз айтылып болғаннан кейін әр кәсіпорынның жалпы жұмысы таныстырылды.

Әлеумет

МОНШАҚТАН ТОҚЫЛҒАН КӨРМЕ

«Нұр Отан» партиясының Ескелді аудандық филиалы «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі балалар дайындаған бұйымдар көрмесін және олардың сатылуын қамтамасыз ету мақсатында қайырымдылық акциясын өткізді.

Акцияға аудандық мекеме қызметкерлері, мектеп ұжымы, тұрғындар, оқушылар, партия қызметкерлері қатысты. Іс-шараға аудан бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға алдын ала хабарландыру берілді. Сондай-ақ аудандық

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысына арнайы хат жіберіліп, акцияны жоғары деңгейде өткізу ұсынылды. Нәтижесінде, мүмкіндігі шектеулі балалар акцияға толық қатысты.

Акцияға Қарабұлақ ауылының тұрғындары Қарлығаш Әлімғазина, Елизавета Еричева, Бөктерлі ауылынан Диана Аптыхадырова, Жетісудан Мақсат Шәріпбаев, Алдабергеновтен Сымбат Садықова келді. Балалар жасаған түрлі бұйымдар, мәселен, моншақтан тоқылған «Қазақ үй», Елордамыздың символы «Бәйтерек», майлыққа арналған қалташа, жеміс-жидек салатын ваза, гүл құмырасы, қағаздан жасалған велосипед, иық сөмкесі, қабырға сурет, сандықша, апорт алмасы секілді заттар көрмеге қойылып, келген қонақтар өздеріне ұнаған затын сатып алуға асықты. Көрмеге 50 шақты бұйым қойылып, оның 17-сі сатылды. Қатысушылар аталған акция алдағы уақытта да жалғасын тапса деген ниетте. Аудан тұрғындары балалардың моншақтан тоқылған, қағаздан жасалған бұйымына тағы да тапсырыс берді.

Туризм

ШАРЫН – ТУРИЗМ ҚАҚПАСЫ

Елдің басты байлығы – табиғи ресурстар екендігіне ешкімнің дау туғызбасы айқын. Егемендік алғалы етек-жеңін жинаған елдің ең әуелгі мақсатының бірі – табиғи байлықты қадағалауға алып, сарқылып бара жатқан табиғи ресурсты қалпына келтіруге, ерекше қорғалатын табиғи аймақты мемлекеттің қорғауына алып, экологиялық мәселелерді шешуді бірден қолға алғандығын білеміз. Тәуелсіздік жылдардың ішінде еліміздегі ең көрікті жердің бірі – Жетісу өлкесінің тарихи ескерткішіне айналған Шарын ерен тоғайы ерекше қорғауға алынып, мемлекеттің қамқорлығына өтті.

Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 ақпандағы №213 бұйрығымен 93 150 гектар жерге Алматы облысында экологиялық, тарихи-ғылыми, эстетикалық табиғат байлығын қалпына келтіру және сақтау мақсатымен ерекше қорғалатын

аймақ деп ұйғарылған. Үкіметтің 2009 жылғы №121 бұйрығымен парк аумағы кеңейтіліп, мемлекеттік жер қоры қорғаныс қажеттілігіне қарасты жерден 32900 гектар жер қосылып, бүгінде жалпы аумақ – 127 050 гектарды құрап отыр.

«Ерекше қорғалатын табиғи аймақ» туралы Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабына сәйкес парк аймағы кеңейгенін есепке алып, кешенді бағалау өткізу нәтижесінде қорғау 4 аймаққа бөлінді. Қорықтық тәртіп аймағы – 9 427,5 гектар, экологиялық тұрақтану аймағы – 13 147,3 гектар, туристік және рекреациондық қызмет ету аймағы – 77 739 гектар, шектелген шаруашылық жұмыстар аймағы – 26 736,2 гектар, қорғау аймағы 35 923 гектар жерді құрап отыр. Шарын шатқалы – республикалық маңызы бар, ерекше қорғалатын табиғи аумақ ретінде Үкіметтің 2005 жылғы 30 маусымдағы №657 шешімімен жасалған экологиялық, ғылыми құндылықтары бар жер қыртыстарының тізіміне енген.

Аумақты қорғау жұмыстары бойынша 7 кордонда мемлекеттік инспекторлар отбасымен тұрақты тұрады. Сонымен қатар парк аймағы 20 мемлекеттік инспекторлармен күзетіледі. Барлық мемлекеттік инспекторлар тегіс міндетті нысанды киімдермен, қару-жарақтармен және радиобайланыс құралдарымен қамтамасыз етілген.

Парк аумағында жалпы қашықтығы 49 шақырымды құрайтын 3 туристік бағыт жасалынған.

Бірінші бағыт – Шарын ерен саяжайы- туристерді жасы 5 млн жылдан асқан соғды ерені табиғат ескерткішімен таныстырады. Шарын ерен тоғайы арасында 7 адамның жолдарына абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Екінші бағыт – бейіттер мен қорғандар- жаяу және автомобильді жүргіншілерге арналған бағыт. Қазақстанның ортағасырлық тарихына, өлкенің туған тарихына сапар шегуге жол ашады.

Үшінші бағыт – «Қамалдар мекені» Шарын шатқалы ландшафты-палеонтологиялық табиғат ескерткіші. Шатқалдың ішіне көлікпен түсуге тыйым салынатын жаяу бағыт. Шарын шатқалы түрлі пішіндегі «қамалдар аңғары» жер бедерінің геоморфологиялық нысандарына жатады. Қамалдар мен қорғандардан тұратын шатқалдар тек Америкада, Аризона штатында кездеседі.

Шарын ұлттық паркінің 16 ғылыми материалдарын қосқанда, жалпы 74 ғылыми еңбек жинақталып, 500 тиражды 266 беттен тұратын кітап жарық көрді.

2015 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша 6 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде үш ғылыми мақала «Ресей аңшылық шаруашылығы және жануарлар дүниесін сақтау» 6-шы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына ұсынылып Ресей Федерациясының атаулы ғылыми еңбектер жинағына жарияланды. Сондай-ақ 2016 жылы республика бойынша «Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясында 1 орын иелендік. Жалпы қорыта айтқанда, 2013 жылдан бері Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі рейтинг бойынша республика көлемінде алдыңғы үштіктен түспей келе жатыр.

Бетті дайындаған
Қуаныш ТҰНҒАТАР,
Алматы облысы

КӨКЕЙКЕСТІ
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
ЖҚ 7

Өмірдің өзінен

АҚБОЗДЫҢ АЖАЛЫ

Болған оқиға. Өткен ғасырдың ортасында Қытайдың қазақтар қоныстанған Іле аймағында «Ақбозат» деген көркем фильм түсірілген. Сол фильмде басты рөлді сомдаған жылқы: тұқымы асыл, қаны таза жорға айғыр болыпты. «Жорғасы шапқан атқа жеткізбейтін, мүсіні – қыздай, кербез қанттай әппақ жылқы еді» – дейді әлгі арғымақты көргендер. Бірақ сол ақбоздың тағдыры аянышты аяқталған.

Фильм түсіріліп біткен соң, ақбоздың өнеріне тамсанған қытайлар айғырдан жақсы тұқым алғысы келіпті. Талай жорға, жүйрік биеге қосқан. Бірақ жақсы құлын тумапты. Бір күні Ішкі Қытайдан келген мал дәрігері: «Ақ айғырды өзінің енесіне қосамыз. Екі асыл тұқымнан «алтын құлын» туады» – деп «жаңалық» ашқан көрінеді. Мұны естіген ауылдағы қариялар шулап: «Жылқы адам сияқты. Есті жануар. О заманда, бұ заман биеге өзінен туған төлді қосушы ма еді?! Бұл жақсылықтың нышаны емес» – деп әлгі дәрігерге тілмаш салады. Бірақ Ішкі өлкеден оқып келген маман қазақтардың қорқынышына құлақ аспаған... Сөйтіп, ақбоз айғырдың зар күйінде басына қап кигізіп, енесіне салады...

Осы оқиғаны көзімен көргендер әлі күнге қорқынышпен еске алып жүр. «Басқа биенің иісін алдырып, енесіне шаптырғанда, ақ айғырдың құлын дауысы шықты. Басынан қапты шешкені сол, енесі – боз биеге бір қарап, көзі шатынап, қорадан бір-ақ қарғыды. Құстай ұшып, таудың қыр-жонымен шауып, Кереге тастан ұшты да кетті» – дейді.

Арғымақтың денесін алып шықпақшы болып, бір күннен кейін құзға түскендер айғыр сүйегінің шашылып қалғанын көрген. Терісі іріп, еті шіріп кетіпті. Ал ақ бие не үйірге ермей, не отқа шықпай, көзінен жас ағып, қорада өледі. Осы оқиғаны көп адамнан естігем, қаламгерлердің көркем әңгімеге айналдырғанын да оқыдым.

Ақбоз айғырдың ажалын неге жаздық? Адамның азғындығын жылқының тектілігімен салыстырғымыз келген. Біздің әңгімеміз енді басталады. Бұл да болған оқиға. Тек кейіпкердің аты-жөнін өзгертіп алуды жөн көрдік.

ҚЫЗДЫҢ ҚЫЛЫҒЫ АЛМАТЫДА

Алматыға басқа қаладан іссапармен келген Құсайын әйдік қонақүйдің біріне орналасты. Қасында көмекшісі бар. Кешкі ас-суын ішіп алған соң, қала көшесін жаяу аралап қайтады. Осында қызы оқитын еді. Соған қоңырау шалды. Сабағын, денсаулығын сұрады: «Әсем, салған ақшамды алдың ба? Ертең уақыт шығарып жатақханаға соғып қайтам. Үлгерсем, ұшаққа дейін деканатыңа барып: ағай-апайларыңмен сөйлесіп, танысып, алғыс айтып шықсам деп едім».

– Әке, несіне әуре боласыз? Бізде қазір емтихан уақыты. Мұғалімдердің қолы бос емес. Ал жатақханада «карантин». Кіре алмайсыз. Қатты көргіңіз келсе, карточкама ақша салыңыз, үйге ұшып барып келейін» – деп әкесіне еркелей күлді.

– Қызым, мен қаланы аралап жүрмін. Комендантыңнан сұрап көрші, сыртқа шығара ма екен? Шыға алсаң, маған кел. Мейрамханаға апарайын. Бірге тұратын қыздарыңды да ертіп шық!

– Жоқ, әке, бізде тәртіп тастай. Кешкі сағат оннан кейін ешқайда шығармайды. Көрші жатақханаларға да бара алмаймыз.

– «Тәртіпке бағынған құл болмайды», қызым! Жарайды онда, хабарласып тұр.

– Анама сәлем айтыңыз! Сіздерді сағындым, үйге барғым келеді!..

ЖЕЛІК

Құсайын екі жылдың алдында қызы Әсемді Алматыға өзі ертіп әкеліп, оқуға түсіріп, жатақханаға орналастырып кеткен. Бірінші курсты бітірген жылы жазғы демалыста үйіне бір рет барды. Одан қайтып ат ізін салмай қойған. Телефон арқылы хабарласып тұрады. «Алматыда жүре бермей үйге қайтсаншы» – десе, сабағын, қосымша курсын сылтауратады.

– Қазіргі студенттерге обал. Сабақ қиын. Үш-төрт тіл үйрену керек. Талап сондай – дейді қасындағы орынбасары Мәлікке қарап.

– Иә, Құсайын Ермекұлы, менің де балам Астанаға кеткелі, үйге қайтуды қойды – деп бастығының сөзін қостап жатыр.

Бұлар түнгі қаланы біраз шарлап, қонақүйге кеш оралды. Жолда бір мейрамханадан шарап ішкен. Соның буы ма – көңілі көтеріліп, желік пайда болғандай. «Елдің орынбасары бастығының көңілін тапқанға «мәстер» дейді. Сенің жұмыстан басқаға қырың жоқ-ау!» – деп әзіл-шыны аралас, Мәлікке тиісе сөйледі.

– Емеурін білдірсеңіз, ебін жасаймын ғой – деп бұл да жымың-жымың етеді. Орынбасар жұмысқа ғана емес, мұндай іске де жүйрік екенін дәлелдемек, бұл жолы. Бастығы өзі бастап отыр ғой... Сонымен бөлмеге француз шарабын алдырды. «Ресепшндегі» қыздарға қоңырау шалды. Олар да қиылып тұр. «Ағай, қалай демалып жатырсыздар? Біздің қонақүйдің қызметі ұнады ма? Не қалайсыз?» – деп сыңғырлайды. Шарап буын-буынына түсіп, бойы балқып отырған кісіге Қор қызының үніндей жағады екен.

– Қарындас, бәрі тамаша! Тек Алматының мынадай әдемі түнін қызықсыз қарсы алып жатқанымыз жанымызға қатты батты – деп алыстан орағытып тұр. Телефонның арғы жағындағы қыз да сықылықтап күліп, мұның дегбірін әбден алды-ау! «Ой, ағай, қызық екенсіздер. Екі күннен бері аузын буған өгіздей үндемейсіз. Сіздердің не қалайтынды қайдан білеміз?

– Сендер айттырмай біледі деуші еді...

– Көріпкел емеспіз ғой. Жарайды ағай, онда жарты сағаттан кейін бөлмеңізге Қордың қыздары барады. Қоркып, талып қалмаңыздар!

– Қордың қызы сордың қызы болмасын. Алматының ақ балтыры болсын! – деп бұл телефон тұтқасында кеңк-кеңк күлді.

АТАУСЫЗ КЕЗДЕСУ

Жарты сағат өткен жоқ. Есіктің қоңырауы бұлбұлдай сайрай жөнелген. Бұл уақытта Құсайын душқа жуынуға кіріп кетіп еді. Есікті орынбасары Мәлік ашты. Қасы-көзін қаламмен сызып тастағандай, бейне суретшінің ең әдемі картинасы сияқты екі қыз тұр. Бірінен бірі өткен жас. Бірінен бірі өткен сұлу. Диалог болған жоқ. Қыздар ішке кірді. Мәлік зыр жүгіріп сұлуларды жайғастырып, дастарқанды жайнатып жатыр. Ресепшнге телефон соғып, тағы да шарап алдырды. «Менің бастығым жуынып шыққанша шөл баса отырайық» – деп қыздарға алғашқы стаканды өзі алдырып жіберді.

– Денсаулық үшін, таныстық үшін!

– Алматыға келуіңізбен! Сіздер үшін!

– Менің бастығым жер бетінде жалғыз адам. Жомарт, білімді, іскер!

– Ер адамның ақшасы көп, жомарт болғаны жақсы ғой – деп жымиды бойы сұңғақтау әппақ қыз.

– Есімдеріңізді айтпадыңыздар, қыздар!

– Қайтесіз, бәрібір шын атымызды айтпаймыз... Мені Айка дей беріңіз, құрбым – Гуля болады.

(Болған оқиға ізімен жазылды)

– Маған сол да жетеді – деп күнге күйгендей жылтыраған қара торы қызға жақындады Мәлік. «Бастығымның көңілі Айка сияқты әппақ, бойшаң қызға түсетін. Сізді бастығыма қалдырайын!» – деп ыржақтады.

Айтып ауыз жиған жоқ, душтың есігі шалқасынан ашылып, арғы жақтан буы бұрқырап, ақ халатпен бүгінгі кештің басты «қаһарманы» шықты. «О, менің алтын адамым – бастығым шықты. Жеңіл буыңызбен!» – деп Мәлік орнынан қарғып тұрды. Қыздар да көтерілді. Бағанадан бері мақтауын асырған бастық дастарқанға жақындады. Келді де шетте тұрған әппақ қызға қолын ұсынды. Сол-ақ екен, әлгі бойшаң ару Құсайынның бетіне бір қарап, шыңғырып жіберді. Ешкім ештеңе түсіне алмай қалды.

– Айка, саған не болды?

Қара қыз жақындай беріп еді, жынданған кісіше шыңғырған ол балконға қарай жүгірді. Көз ілеспес жылдамдықпен барып, жартылай ашық тұрған терезеден құстай ұшты да кетті. Бәрі қас-қағым сәтте болды. Қап-қараңғы терезеге қадалып, қатып қалған үшеудің осы сәттегі бейнесі – жансыз мүсінге қатты ұқсайтын еді...

ӨЗЕКТЕГІ ӨРТ СӨНБЕЙДІ

Арада бір ай өтті. Алматыдан көтерілген ұшақ кіреберісінде әртүрлі газеттер тұр екен. Құсайын қолына ілінген біреуін жұлып алды. Орнына жайғасқан соң, ішін ашып еді. «Ақбоз айғырдың ажалы» деген әңгіме оттай басылды. Оқып шықты. Жүрегі сулап, желке түбі тартып ауырғандай болды. Көзі бұлдыраған соң екінші бетін аударып еді, басы айналып кеткендей болды.

Өткен айдағы оқиға жазылыпты. «Осыдан бір ай бұрын Алматыда оқыс оқиға болған еді. 21 жастағы қыз қонақүйдің терезесінен құлап, мерт болғаны туралы жазғанбыз. Осы оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалып, кінәлі адамдардың аты-жөні анықталды. Жазым болған азамат Әсем Құсайынқызы 2-курстың студенті болып шықты. Алдын ала тергеу бойынша, қыз жеңіл жолмен ақша табуды кәсіп қылған. Сол күні оны Құсайын Ермекұлы және Мәлік Қайрақбаев есімді басқа қаланың азаматтары қонақүйге шақырған көрінеді»...

Құсайынның құлағына ақбоз айғырдың кісінеген құлын дауысы, қыздың шыңғырып жылаған ащы, зарлы үні естілгендей болды. Көзіне біресе тастан ұшып бара жатқан ат, біресе терезеден секірген әппақ Әсемі елестеп кетті.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Қызғаныш

Ақтөбе облысында су тасқынынан зардап шегіп, билікке үндеу айтқан 11-12 жасар оқушы қыздың көршілері олардың баспанасын су алмағанын айтқан. Аты-жөнін атағысы келмеген әйел ғаламторда таралып кеткен видео туралы басқаша түсінік береді.

«КӨРШІНІ ТҮРТКЕН КӨШІРЕДІ»

Осы бейнекөрініс ғаламторда таралғаннан кейін кәсіпкерлер қыздың ата-анасына үш бөлмелі пәтер сыйлаған. Ешімовтер отбасының көршісі БАҚ өкіліне берген ақпаратында оқушы қыз жылап тұрған бейнетүсірілімдегі үй Талғат Лепесовтердің су алған үйі екен. «Олардың әлеуметтік желіде таратқан видеода көрсетілген үйдің құлағаны рас, бірақ ол олардың үйі емес, олардың үйі сау тұр, бірақ сонда да олар Талғат Лепесовтердің құлаған үйінің алдында видео түсірген», — деді Махаббат Ешімованың көршісі.

Дауға қатысты қыздың анасы Тұрғангүл Ешімова да пікір білдірді. «Біз бұл туралы білеміз, көршілердің осындай айып тағып отырғаны бізге белгілі. Бірақ бұл жалған. 14 сәуірде біздің үйді су шайып кетті, тұрғындардың ешқайсысының үйі сау болмады. Барлығының үйін су басты. Менің күйеуім жүрек талмасына ұшырап, тіпті сөйлей де алмай қалған, енді ары қарай қалай өмір сүреміз? Ол ауруханада болғанда бізді мектепке көшірді. Сосын біз пәтерде тұрып келдік. Журналистер сюжет түсіріп жатқанда су алған үйлердің тұрғындарына сұрақ қойды. Қызым Махаббат сол кезде менің алдыма шығып алып, өте қатты ашуланып, сөйлеп тастады. Сол кезде ол әкесін қатты уайымдады, үйді де уайымдады, сөйтіп, жылаған болатын», — дейді шешесі. Тұрғангүл Ешімова «Ол біздің үйді су алғанын айтты, бұл рас. Видеода қай үйдің тұрғаны маңызды емес қой. Қызым артында тұрған үйді айтқан жоқ. Сосын кәсіпкер Қайрат Құдайберген келіп, пәтер сыйлады. Осыдан кейін адамдар бізден осы жағдайымызды қызғана бастады. Көршілер бейнекөрініс жазып, өтірік айтып жатыр деп айыптады», — дейді.

Ал үш бөлмелі пәтер сыйлаған кәсіпкер Қайрат Құдайберген құлаған үйдің суретін ғаламтор бетіне жариялады. Онда баспананың құлап қалғанын, тіпті адам тұруға болмайтынын байқауға болады.

Анығы мен қанығы

Астанада 15-қабаттан құлаған 16 жастағы қыздың анасы Елена Спирина оқиға туралы жаңа дерек айтқан. Яғни қыздың құлар алдында жазған хаты табылыпты.

ҚҰЛАҒАН ҚЫЗДЫҢ ХАТЫ

Елена Спирина «Маған тергеуші оқиға алдында жазған қыздың хаты бар екенін айтты. Мен көрсетуін сұрап едім, ол қарсы болды. Тым құрыса, ауызша айтып беріңізші деп едім, ол оған да қарсылық танытты. Мен бәрібір қызыма не болғанын білуім керек қой», – дейді.

Оқиға болатын күні қыздың мүлде көңіл-күйі болмаған. Таңертең сабаққа баруға да аса құлшынысы болмапты. Анасымен де тілдеспеген.

Қазір қыз есін жиған, бірақ жағдайы әлі де ауыр. Анасының айтуынша, қыз колледждегі кей жағдайға қатысты психологиялық қиындыққа тап болған. Ал оқу орнындағы психолог болса, сен маған емес, психикалық ауруханаға баруың керек депті.

Қаз-қалпында

Ерлан ЖЕТЕНОВ, Қарағанды қаласы

Дәурен БАБАМҰРАТОВ:
«Болашақ» республикалық қозғалысының жетекшісі:

– Осындай бастаманы қолға алып, жастарды ынталандырып жатқан «Жас қазақ» апталығына ерекше алғыс айтқым келеді. Жастардың да келіп қатысқанына көңілім толды. Байқауға қатысушылардың жазғанын толығымен оқып шықтық. Бұл жерде ең бастысы, бәрінде ынта бар. Соған қуандым.

Jasqazaq.kz сайты ұйымдастырған «Мен және ғаламтор» атты байқаудың қорытындысы жарияланды. Редакциямызға отызға жуық мақала келіп түскен. Қазылар алқасы жазба ішінен үш үздікті таңдап алды. Одан бөлек, тағы үш мақала авторына ынталандыру сыйлығын табыс етті. Сондай-ақ басқа қатысушылар да алғыс хатпен марапатталды.

Байқаудың басты мақсаты: әлеуметтік желіде тараған «Көк кит» ойынының жастар өміріне тигізген кесірінен басталған болатын. Бұл мәселеге қатысты «Жас қазақ» конференциясы ұйымдастырылды *(Абайлаңыз, «Көк кит» келеді №5)*. Онда жастарымыз ғаламторды қалай пайдаланып жүр? – деген сауалға тоқталдық. Байқау өткізу осы ойдан туындаған. Сайысқа қатысқан бүгінгі студент – болашақ әріптестеріміз салмақты ойын қағаз бетіне барынша шынайы жеткізуге тырысыпты. Ғаламтордың пайда-зиянын қоса зерттеген.

Марапаттау рәсіміне «Болашақ» республикалық қозғалысының жетекшісі Дәурен Бабамұратов, блогер-журналист Берік Сұлтан және «Жас қазақ» газетінің ұжымы қатысты. Бас жүлдеге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенті Қозы Көрпеш Жасаралұлының мақаласы лайық деп танылды. Екінші орын Сүлеймен Демирел атындағы университеттің 1-курс студенті Наргиза Ереске бұйырды. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс студенті Нұржан Думанқызы 3-орынды иеленді. Үздік деп танылған үш мақаланы назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ЖАСТАР ЖАЗДЫ. JASQAZAQ.KZ ЖАРИЯЛАДЫ

«Жас қазақтың» жеңімпазы

FACEBOOK ФИЗИКАДАН АРТЫҚ ПА?

Интернет иірімін ақтарып, кейде шаттанып, кейде «от қарып» қалатын сәттер жиі болады. Жалпы, біз осы ғаламторды қалай қолданып, яки зиянды ақпараттардан қайтіп қорғанып жүрміз? Шындығында, бүгінде алапат қуатқа ие болған бұл құралдың құндылығы қай жерде? Кім не көреді, не тыңдайды, не оқиды?

Рас, батыстан берілетін ақпараттың бұрмаланатыны анық. Әркім өз ыңғайына, өз ұпайына жұмыс істейтіні тағы белгілі. Осы ретте ғаламтордың ғаламат мүмкіндігі зор пайдасын тигізіп отырғаны анық. Жә, біз осы мәселені әлемдік деңгейде ойланбай-ақ, өзіміз қандай «тауар» тұтынып, одан не ұтып, не ұтылып жүрміз дегенге тоқталайық. Саралап, салмақтап көрейік.

Елестетіңіз. Оған көп қиялдың да қажеті жоқ. Мысалы, 10-сынып оқушысында ұялы телефон жоқ. Иығында сөмкесі, миығынан күліп, қоңырқай тірліктің басы-қасында жүр. Сабаққа барады, үйге келеді. Кітап оқиды, бір мезгіл доп теуіп, тынығып, қайтадан сабағына кетеді. Дәл осындай бейнені осыдан он шақты жыл бұрын еске түсірсеңіз, таңғалмауыңыз мүмкін. Қазіргідей қалтафон болмады. Тек тың жаңалықтың барлығын теледидардан тамашалап, сонымен ғана тыныстайтын. Есесіне, ақпарат мың мәрте сұрыпталып, сақа журналистердің таразысына түсіп таратылатын. Әлеуметтік желі дегеніңіз атымен болмады. Әрі кетсе, агент. Оның өзі ілуде біреуінде ғана. Тек «мен» деген магнаттардың баласында болмаса, қарапайым шаруа отбасының ондаймен шаруасы да жоқ еді. Бірақ ата-ана еш алаңдамайтын. Себебі «ұл-қызым не көріп жүр?» деген сұрақ қазіргідей «хит» сауал емес-тін. Дәл осы арадан аялдайық та, бүгінгінің бейнесіне оралайық.

Мейлі мойындаңыз, мойындамаңыз. Қазіргі күні ата-ана баласына ұлттық бірыңғай тестілеуге жақсылап дайындал дегеннен гөрі, жақсы телефон іздеп әлек. Тіпті оныншы сыныптан бастап интернеті іркілмейтін қалтафонды іздеу бүгінде қалыптасқан «дәстүр» сияқты. Керек десеңіз, тестің сұрағынан гөрі, технологияның тілін білу маңыздырақ. Осыдан-ақ ғаламтордың «пайдасын» білу қиын емес. Алгебрадан «агент», биологиядан «Вконтакт», тарихтан «twitter», физикадан «фейсбук» артық па? Заман ағымына ілесу керек дейсіз бе? Солай-ақ болсын. Ендеше кешегі «көк кит» жастарды жарға итерген жоқ па? Әсірединшілдер әлеуметтік желіде емін-еркін болашағыңды байлап тастаған жоқ па? Қайтпек керек? Балаларға бақылау қалай жасаймыз? Бір ақпарат – бір тағдыр.

Дәрігерге қарала берсең, өзің де дәрігер боп кететінің секілді, бұ мәселе де күйіп тұр. Ізіңнен ерген іні-қарындас, сіңлің де ғаламтор үшін ғайбаттасып қалатын сәттер жиі кездеседі. Телефонға телміріп тартымды туындыны *(электронды кітап, тарихи кино)* көреді, оқиды дейсіз бе? Жасөспірімге әлеуметтік желідегі желіккен бейнежазба мен даңғыр-дүңгірды тамашалау қызықты һәм болашаққа қауіпті.

Балалардың жай-күйіне бас қатырып болдық. Енді ересектің ессіз әрекетіне тоқталсақ. Шындығында, қару алып соғыс ашқаннан, қалам алып ақпараттық соғыс ашқан қиын. Кезінде Наполеон Бонапарт газеттен сескенсе, бүгінде ғаламтордан қорқамыз. Интернет торының қазақ төріне озғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Әйтсе де, аз уақытың ішінде миллиондаған жанның «сүйіктісіне» айналып үлгерді. Ал оны тиімді қолдану мүлде басқа әңгіме. Әншілер ішкен-жегенін айтады, сайт оны жарыса жазады *(көшіріп жазу белең алып кетті)*, әйтеуір «әләулайлім» таусылса, «хәләулайлімі» тағы бар» дегеннің кері. Кейде ғаламтор қаламгердің абыройына нұқсан келтіретін секілді көрінеді де тұрады. Несін жасырамыз, ғаламтордың шексіз мүмкіндігі бар. Іздену дегенді мүлдем ұмыттық. Құдай бере салған «Гугл аға» қысылғанда көмекшің. Ал «көмекшіңнің» қастық қылмайтынына кім кепіл? Сөз соңында елімізде көптеген әлеуметтік желі мен сайт жұмысын қатаң бақылауға алса деген түймедей тілек, таудай талабымыз бар.



✍ **Қозы Көрпеш ЖАСАРАЛҰЛЫ,**
студент

КҮНІМ ҒАЛАМТОРДАН БАСТАЛАДЫ

Сағат – таңғы алты. Ұйқыдан ояна салып, компьютерімді қолыма алдым. Күндегі әдетім бойынша, алдымен Facebook-тағы парақшама келген хаттарға көз жүгіртіп, жарияланған жаңалықтар мен хабарларды оқып шықтым. Содан соң ВКонтакте желісіне кіріп, «Кітаптар әлемі» группасын ақтара бастадым. Google-ға бағынышты әдетіммен сабаққа керек ақпараттарды іздедім. Whats App желісіне кірген едім. Оның да мені ренжіткісі келмейтінін байқадым. Жеке адам, группамен қосқанда 100 хат келіп тұр екен. Содан кейін фото, видео қарадым. Уақыттың қалай өткенін байқамай қалыппын. Сабаққа жиналып, компьютерімді сөмкеме салып, өзіммен ала шықтым.

Бұл менің ғаламторға деген ғашықтығым... Сабақтан тыс әдеби кітап оқығым келсе, тағы да ғаламторға жүгінем. Кей кезде өзіме сын көзбен қарап, мынадай сұраққа жауап іздейтін болдым: «Ғаламды шырмаған «ғаламтор шырмауынан» шыға алатын шынайы жан бола аламын ба?!»

Бұл сұрақ көбіміздің көкейімізде сайрап тұрғанмен, шешімін табуға асықпаймыз. Неге? Өйткені, біз ғаламторға тәуелдіміз. Бүгінде адам мен ғаламтор ажырамас егіз ұғым деп айтсақ, қателеспейтініміз анық! Менің түсінігімде, ғаламтор – ғаламды тұзақтап, өзіне деген тәуелділікті күн сайын күшейтіп тұрған бүгінгінің «батыры».

Бүгінгінің батыры – менің де «жан досым». Қалай ғана дос болмайсың? Ол сені құшағын жайып шақырып тұрса, фотоңды сал, мақалаңды жаз, кәсібіңді баста. «Мен сені атақты қыламын» деп тұрса, тақырып айқайлап қызықтырып тұрса, неге дос болмасқа?!

Ғаламтор – құрал. Құралды игі іске пайдалана білсең – жеңісің, пайдалана білмесең – жеңілісің. Жеңіліс дейтініміз, ғаламтор адамның ізденісіне кедергі болып, қоғаммен араласуына айтарлықтай зиянын тигізеді. Осы сөзіме мысал ретінде мен өзімді алғым келіп отыр.

«Мен және ғаламтор». Мысалы, мен үй тапсырмасына түсінбесем, ғаламторды ақтарамын. Бір сұрақ мазаласа, ғаламтордан сұраймын. Кино көргім келсе, ғаламтордан қараймын. Ғылыми тақырыпқа кездессем, ғаламтордан асқан «ғалым» жоқ. Тіпті қуанып, мұңайсам да, ғаламтор жаныма жолдас. Уайымның торына шырмалып, уақыттың таршылығын тартсам да, ғаламтордан көмек күтемін. Интернетті ашсам болды, басқа әлемге еніп кетемін. Мен үшін маңызды дүниелерді ұмытып, жұлдыздар өмірі мен қызықты ақпараттардың құрбаны болғанымды сезбей қаламын.

Ғаламторды пышақ деп қарастырып көрсеңіз, біреу онымен қолын кеседі, біреу жолын кеседі. Өз басым көп жағдайда «қолымды кесіп жатамын». Алтын уақытымды ғаламтордың «ғажап» әлеміне қалай қиғанымды байқамай қалады екенмін.

Ғаламтордың зиянымен бірге пайдасы барын білеміз. Оның зиянын жіпке тізе бастасақ болды, пайдасын еске алып өзімізді жұбатамыз. Не себепті газет-журнал, кітаптардан қарап, кітапхана табалдырығын тоздырып, көпті көрген жаннан, ұстаздан сұрамайды екенбіз деп ойлаймын. Бәрімiздің ойымызға «сап» етіп келе қалатын жалғыз сылтау – уақыт жетпейді. Уақыт қайда кетпей жатыр? Бір тәулік уақытымызды тиімді өткізгенімізге кім кепіл? Көзбен көріп, құлақпен естіп, дәмін сезінбеген соң ғаламторға телміріп тапқан ақпараттан не аламыз? Бұл сұрақтың жауабын ойлаймыз, қозғаймыз, көп айтамыз. Тағы да амал жоқ.

Десек те, уақытымызды алатын, көңілімізді табатын, жолымызды ашып, жарамызды жазатын – ғаламтор екені бүгінгі күннің ащы ақиқаты...

✍ **Наргиза ЕРЕС,**
студент

АЛАҢҚАЙДЫ ШӨП БАСТЫ

Қорқыныш ғаламтордан туындауы мүмкін. Дегенмен әр нәрсенің екі жағы болатынын біле тұра, адам баласы жаман жағына көбірек еліктейді. Көрмекке қызық табады. Абай айтпақшы, қазақты дамытпай жүрген бір қуанышы мен жұбанышы қазақтың ғана емес, ғаламдағылардың жаман ойы арқылы әлемнің өсуін тежеуде. Ал енді жақсы жағынан қарастырып көрейік.

Ғаламды торлап жатқан ғаламтор Кеңестің дамып кетуінен қауіптенген АҚШ-тың Қорғаныс министрлігі ақпаратты таратудың сенімді жолын іздеуден тапқан қулығынан басталыпты. Осылайша «көгілдір жәшікпен» жақын немесе айшылық жерден жылдам хабар алдыратын торaптық жүйе қалыптасқан. Алғашында құпия мәліметті тасымалдауға арналған «канал» бұл күндері жер планетасын атмосферадан кейін «қорғауға» алған. Есімде, сол ортаға мен 6-сыныпты бітірген жылы «агент» деген әлек арқылы енген едім.

Жаздың каникулы бастала сала бала біткенді ойын алаңына шақырып футболдың қызығы басталатын. Ол жерде күндізгі әдемі киіміміз киілмейді, басымызда киген бас кийім, аяқта доп тебуге ыңғайлы жайпақ «красовка». Қыз, ұл деп бөлінбей-ақ, ойынның қызығынан өзімізше ғажайып сезім алатынбыз. Сол кездің рахатын алтынға айырбастай алмаспын. Осылайша әр жылғы жазғы демалысымыз қызықпен өтетін. Сол жылы көрші үйге қаладан қонақ балалар келді. Олар біз сияқты емес, өңі күн көрмеген ақшыл, топырақтың шаңынан қашатын кірпияз екен. Бір артықшылығы – қолында ұялы телефон. Өзімізше ержеткен бейнемізбен, күн күйдірген қоңырқай жүзімізбен, доптың қызығымен, топырақтың шаңын жұтып алған киімімізден ұяла бастадық. Олардың қолындағы телефонына қызыға да қызғана да қарайтынбыз. Қызығы олардың келуі біздің ауладағы ойын-сауықтың ойранын шығарды. Сол жаздан қалмай барлығымыз бір-бір ұялы телефонға қол жеткіздік. Осылайша, «агент» деген жүйенің құлы боп шыға келдік. Сол күннен бастап шөп өспейтін біздің алаңқайға сорайған қурайлар, арамшөптер өз әмірін жүргізе бастады. Біз жейтін алманы ешкім жемей, жерде шашылып жатты. Өзімізше ғаламтордың ғаламатын көреміз деп жүріп, бал дәуреннің балғын дәуренінен айырылып қалыппыз-ау!

Бұл күндері білдей бір оқу орнының студентімін. Балалық шағымдағыдай емес, ғаламторға жаңаша көзбен қарай бастадым. Болашақ мамандығымды жаңалық жаршысы болуға арнағандықтан ба, желі маған тек қатынас құралының қызметін атқарып жүр. Әлеуметтік ортада өзіндік ойымды еркін жеткізу арқылы жасыма сай ой-толғам, пікір, көзқарасымды таратып отырамын. Дамыған дәуірдің ақпараты сайын даланың тентек желінен де жүйрік, тасыған толқыннан да долы. Сол үшін де ғаламтор шабандозы ретінде минут сайын жаңаратын жаңалық айдынынан шеттеп қалған балықтай сусырап қалмауға тиістімін. Кезінде Ыбырай атам – Алтынсарин айтып кеткен айшылық жерден жылдам хабар алғызып отырған ғаламтордың пайдалы жағы да ұшан-теңіз-ау. Тек теріс жолдың тізгінін ұстағанға желеу болып отырғандығы ащы болса да, шындық. Бірақ адам нені қаласа, соған қол жеткізетіні бар емес пе...

Жақсылықты қаласа, жарқын жүзді мейірімге бөленеді. Балға құныққан араша әсем гүлді аралап, тәтті дәмді іздеуден жалықпайды. Кей қоңыздың жиналатын жері белгілі. Сол сүйкімсіздік жақсылықтың бетіне шілдер болып, сұрықсыз қылатыны қынжылтады. Сондай құнығудан жақсылыққа емес, адасуға деген көзсіздік талай ғұмырды құзға итергенін күнделікті өмірде көріп жүрміз. Осындай инфекциялық ой ғаламтордың берер пайдасына өз вактериясын түсіріп жатыр. Мысалы, елестетейікші, интернет бетін аша сала сондай жаға ұстатар жаңалықты көре бермей, бір мезгіл әдебиет, өнер, әсемдік бағытқа мойын бұрар болсақ, оның басқаша тармағын танар едік. Сондай арзан арбау арқылы сананы байлайтын байлауыш сайттың санының көбеюіне: «әй, не болар?» деген оймен кіріп кіріптар болып шыққан жан қаншама?!

✍ **Нұржан ДУМАНҚЫЗЫ,**
студент

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Jasqazaq.kz сайты алдағы уақытта жастар арасында видео-мүшәйра жариялайды. Мүшәйраның шартымен талабы туралы газетіміздің сайтынан хабардар боласыздар!

Естелік

МЕНІҢ ДЕ ТҰМАШЫМ

ТҰМАШ-АУ! Құдайы бір Құрдасым-ау!.. Туған жерін қимай, өскен жеріне сыймай кетіп бара жататын қайтқан құстарының биылғы тобына ілесіп кеткенің бе шынымен?!.

Мөлдір махаббат жырларыңды жаныңда отырып тыңдап, әзіл-қалжыңымыз жарасып, сырласып жүргенімізге 45 жыл болып еді.

Алыс-жақын сапарларға бірге шыққан кездеріміз біріне бірі ұқсамаған қымбат сәттер еді.

Мен үшін де аса ауыр болған мынау күннен апта жарым бұрын: «Сөйле, Бас лирик!» деп қалжыңның тиегін ағытуға кіріскенімде: «Тек, Абекеңнің аруағын ренжітіп аламыз!» деп едің. Абайдың: «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл» дегенін есіңе алып: «Ғажап, ә?!. Өзіне еліктеп айтсам: – Абекеңнің теңеулеріне тең келер теңеу жоқ-ау! – деп бас изей жымидың.

Қадыр екеуің қыранның қос қанатындай едіңдер… Көңіл күйлерің көздеріңнен танылатын…

Жаңа жинағы шыққан сайын балаша қуанатын Тұмаш: «Құрдас жігіт, көрімдігіңді ала кел!» деп хабарласатын. Мен бөгелмейтінмін. Кездесетінбіз. Көрмегелі көп болғандай шүйіркелесетінбіз. Ол жымыңдап отырып қолтаңба жазатын. Жеке шыққан соңғы жинағын ұсынған сәтте ғана байсалды болды: «Ғаббас! Жер бетінде жүре берейікші. Қалғанын көре жатармыз. Тұмаш» депті.

Менің ТҰМАШЫМ! Жылы жүзің көз алдымда, жұмсақ үнің құлағымда, жауһар жырларың жүрегімде болады. Хош, Қазақтың ТҰМАШЫ!..

Құрдасың ҒАББАС,
10. 10. 2011 ж.
(«Қазақ әдебиеті» газеті)

* * *

Қапалы көңілдің бұл аза сөзі айтылғалы, міне, бүгін бір жыл өтті. Мен үшін азынаған жыл болды. Құрдастарымның қатарындағы ерекше жақын Қадыр Мырза Әли мен Тұманбай Молдағалиев бақиға аттанып, жүрегім мен өкпе-бауырым, бүйрегім кішірейіп, кеудемнің жартысы қаңырап қалғандай күй кешіп жүрмін. Алматының көшелерінде кісі де азайғандай. Жазушылар одағы ғимаратының бөлмелері тарылып қалғандай. Жан-жағыма жалтақтап қараймын, аландаймын, еленделмін... Екеуі де жоқ...

«Ғаббасия», «Қадырия» десіп жүретін Қадырдан айырылған күні тағдырмен іштей тәжікелесуімде қаламымды дереу қару етіп, айтарымды қағазға тез түсірдім. Әлденені қалайда ұмытып қалардай асықтым. Жоқ, олай емес, қимасым Қадыриаммен соңғы рет, сырттай да болса, сырласуға асықтым. Ол қашанда, қайда болсын асығып жүретін еді, сол ғадеті мені де ілестірсе керек. Ол әзіл-қалжыңға да шапшаң еді, сол қыры да мені соңғы рет сынаса керек. Қалайда естелігімді тез жаздым.

Тұмаш ешқашан, ешқайда асықпайтын. Өлең-жырға қаламы шапшаң болса да, тірлік-тұрмыста қимылы баяу еді. Әзіл-қалжынды дәу домалақ басын ақырын не бір изеп, не бір шайқап, үнсіз жымиып отырып тыңдайтын да, сонсоң бірер мырс етіп, қарымтаны асықпай қайтаратын немесе «Сен де айтқышсың-ақ!» деп күліп құтылатын. Жауапқа шапшаң емес-ті.

Екеуіміздің қарым-қатынасымыз қызық еді. Көбінесе кеңседе, қызмет бөлмемізде кездесетінбіз. Гоголь көшесінің көкбазар тұсындағы он қабатты ғимараттамыз. Түскі үзіліс тақағанда: Тұмаш: «Әй, құрдас, жыр тыңдауға қалайсың?» деп телефон шалады. Ал мен: «Тұмаш, ей! Солай отыра бересің бе?» деп қоңыраулатамын. Күлісіп, келісіп, бас қосамыз. Әзілмен басталатын әңгімеміз сырласумен аяқталатын. Балалық шақ, өмір, тірлік, әдебиет, қаламдастарымыз, алғы ой-жоспар... дегендей. Тақырыбымыздың ыңғайына қарай бірде көңілділік, бірде көңілсіздік үстемдеу болады. Бәрібір, ой-пікіріміз өрісінен адасқан емес, не туралы болсын таяздықтан тартынып, астамшылдықтан сақтанып бақтық. Рас, қыз-келіншектер «хикаятын» да ұмытпайтынбыз, сондай «шабытты жырдың» бірінде Тұмаш: «Күлтайдың көзінше тым тентек қалжындамасаңшы, ол кейде шын көріп қалады, әнеугүні Әдекеңнің үйінде айтқаның... сен ондайынды қой, бәтіреке», деп күлді. Әдекеңі – Әди Шәріпов ағамыз. Сол үйде үстел басында қарама-қарсы отырыса қалғанымызда Күлтайына қарап қойып, Тұмашқа: «Қараторыңмен келіпсің ғой, анау жолғы аққұбаң қайда?» дегенмін. Сірә, үйге барған соң бәйбішесі менің сұрағымды қайталаса керек.

Ақын Тұмаш сыршыл еді. Лирик дейміз ғой. Өзі сыр шертуді ұнатқандай, менің де сыр шерткенімді қалап, мол ілтипатпен тыңдайтын. Кейде қойын қалтасынан бүктеулі парақ алып: «Түнде жазып едім, тыңда, қалай екен» деп, бірқалыпты қоңыр даусымен өлеңін оқитын. «Мықтысың!» деймін. «Бір ауыз болса да, пікіріңді айтпайсың ба?» дейді. «Тұмаш, ей, «мықтысың!» дегеннен артық не керек? Сатириктің лирика туралы сұңқылдағанын естіген күнің бар ма?» деймін. Екеуіміз де мәз боламыз.

Газет-журнал беттерінен өлең ұшыратқан сайын Тұмаштың сол бір жайсаң бейнесі көз алдыма келе қалады, қоңыр даусы естілгендей болады, нәзік жырларының тармақ-шумақтары жадымда жаңғырады. «Тұмаш жоқ» дегенді ой-санам қабылдамайды... Бір жыл бойы осындай ойсыраулы күйде болдым. Естелік жазу қайда, ауызша айтуға да дәтім бармай жүрдім... Енді, ақырында, міне, қолыма қалам алдым. Жазайын. Жазуым керек. Сүйікті Ақынын іздеуші Халқының естелігіне шамама қарай үнімді қосайын.

Бірде Тұмаш телефон шалып: «Сенің Өскеменінде бір апта болып келдім, сонда мен Қаскеңді есіме жиі алып, сағынып жүрдім. Өскеменге арнаған өлеңімде мынадай бір шумақ бар, тыңда» деп оқып берді:

«...Күмбезін көңілімнің гүл мекендеп,
Тұмекеңе айтпады ешкім
«бұл бөтен» деп.
Келдім мен Ер Қасекем туған жерге,
Ағамыз мені күтіп жүр ме екен деп».

Қаскесі – марқұм Қасым Қайсенов. Ол Тұмашты ерекше жақсы көретін, «золотойым» дейтін. «Тұмашша елжірететін ақын жоқ» деп те қоятын. Тұманбай екеуімізді алғаш таныстырған да – Қасым ағамыз. Ол кісі «Жазушы» баспасының шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары. Тұманбай сол баспаның поэзия бөлімінде редактор екен. Мен шәкірт кезімде аздап өлең жаздым, облыстық газетте жарияланғаны бар он шақты өлеңімді Алматыға ала келіп *(Мемлекеттік университеттің журналшылар факультететінде сырттай оқитынмын, кезекті сессияға келгенмін)*, Қаскеңе барып, өлеңдерімді ақындардың біріне оқытып беруді өтіндім. «Мұнда Тұманбайдан мықты ақын жоқ, жүр, таныстырайын» деп мені «Жазушы» баспасының бір бөлмесіне ертіп барып, домалақбас жігітке таныстырды да: «Тұмаш, мына құрдасыңның қарқынын байқа» деді де, шығып кетті. Бөлмеде екі-үш жігіт отыр екен. «Өлеңдерімді бұлардың бәрінің көзінше қалай оқимын?!» деп ойлап үлгіріп, қатты ыңғайсыздандым. Құлағы қалқиған Тұманбай бір орындықты алып келіп, мені қасына жайғастырды да: «Өлеңдерің қайда?» деді, маған көзәйнегінің үстінен қарап. Қойын қалтамдағы дәптерімді алып ұсындым. Ол өлеңдерімді үнсіз оқып болды да, орнынан тұрып: «Жүр, бауырым», деп сыртқа беттеді. Дәлізге шықтық. Биік терезенің алдына тоқтадық. Тұманбай маған жымиып қарады да:

– Құрдас, мен «Ара» журналынан, тағы бір газеттен сенің сықақ әңгімелеріңді оқыдым, маған ұнады, ал мына өлеңдерің, шынымды айтайын, онша ұнамады. Сенің қолың өлең емес, сатира сияқты. Арғы жағын өзің ойлап байқа, маған ренжіме, жарай ма? – деді де, дәптерімді қайтарып беріп, бөлмесіне кетті. Өлеңдерімнің ең болмаса біреуін талдамастан шолақ пікір айта салғанына іштей наразы болдым. Бірақ кейін тілін алдым. Өзгелерден жақсы жаза алмағаным шын екеніне көзім жетті де, өлеңнің мазасын кетіргенді қоюға бекіндім. Бірақ бір көрген Тұманбайдың «үкімін» оның алдында қабылдай салғым келмей, сол күні кешкісін:

Тіршілікті өлеңіммен өрнектеп,
өз жолыммен ақын болып көрсем деп,
Жырым толы дәптерімді
ұсындым бір ақынға,
ақ жарыла ақыл-кеңес берсе деп.
Аты-жөні – Молдағалиев Тұманбай,
Оқыса да өлеңімді пұлданбай,
«Өлеңді қой, сатираңды қаузай бер»,
дей салғанын түсінбедім, ол қалай?!
Өзің жазып, өзгелерге «қой» дейтін
әдетің бе, алматылық ақын-ай?!

– деп жазып, ертеңінде Тұманбайға қайтадан барсам, ол жоқ екен. Басқа үш жігіт орындарында. Олармен сәлемдестім де, өлеңім жазылған бүктеулі парақты Тұманбайдың үстеліне қойып, шығып кеттім.

Кейін, Алматыға көшіп келіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына орналасып, екі күннен соң Тұманбайға бардым. Әдеби газет-журнал, баспалардың бәрі ол кезде Жазушылар одағының ғимаратында еді. Тұмаш орнынан жымыңдап тұрып:

– Анау жылы маған қатты өкпелеп, қаһарлана нота жолдап кетіпсің, енді бүгін төбелескелі келгеннен саумысың? – деп қолын ұсынды.

– Ақын Тұманбайға әлім жетпесе де, жігіт Тұманбайға көресісін көрсетуге келдім! – деп жорта ежірейіп, бейтаныс басқа екі жігітке көз тастап едім, олар бізге аңыра қарап қалыпты. Тұмаш екеуіміз келісіп алғандай күліп жіберіп, қол қысыса амандастық. Тұмаш екі жолдасына мені таныстырды да, маған дөңгелек жүзді, көзәйнекті жігітті «ақын Сағи Жиенбаев» деп, сопақ бетті, қалқаңқұлақ жігітті «ақын ағамыз Шәміл Мұхаметжанов» деп таныстырды. Содан соң тағыда жымыңдап:

– Жаңа өлеңдеріңді әкелдің бе? – деді.

– Жоқ. Сен бірдеңені білген соң айтқан шығар деп, өлеңді жылы жауып қойдым, – дедім.

– Мүлде қол үзбе, өлең де қыз-келіншек сияқты, маған өкпелесең де, оған өкпелеме, оны да өкпелетпе, анда-санда көңілін аулай жүр. Алматыға өстіп келе қалғаныңда мүмкін менен сабақ аларсың, – деді, жымия түсіп.

– Иә, сенен қыска күнде қырық рет сабақ алу үшін біржола келдім, «Қазақ әдебиетінің» редакция жұмысқа алды.

– Енді не ғып тұрсың, «жумайсың» ба? Әйда кеттік! – деп күлді.

– Ақын жолдас, сен әуелі ерулік бер, қарулық ешқайда қашпайды, – дедім.

– Ғаббастың сөзі жөн, – деп Шәкең қостай қойды.

Төртеуіміздің күлкіміз жарасты...

Құдай берген талантының, өзі еселей білген талабының арқасында Тұмаш өлеңді көп жазды. Қасиетті де киелі нәзік сезімнің – махаббатың жыршысы атанды. Көңіліңді көктем етіп, сана-сезіміңді әлдилеген өлеңдері исі қазақтың кәрі-жасына жақсы мәлім, оған дәлел келтіру керек емес: жинағын аш та оқи бер. Маған әсіресе ұнайтындары – жасы алпыстан асқаннан кейінде қағаз бетіне түсірген ой-өрнектері. «Құдайы бір құрдастың» сезім салмағы да бір болмағынан ба, әлде?

Жасының алпысқа толуын тойлап отырған Тұмашқа: «Қазақта жетім өскен жалғыз өзің бола бермей, «жетіммін» деп жылағанды бұдан былай қой, немереңе күлкі боласың!» деп қалжындадым. Келесі аптада Жазушылар одағы ғимаратында кездесе қалғанымызда құшағын аша амандасып: «Құрдас, ей! Баяғыда сен менің тілімді алып, өлеңді қойып едің, енді сенің тіліңді мен алып, «жетіммін» дегенді қоятын болдым» деді. Арқа қағысып, мәз болыстық.

Алпыс жылдықтарымыздың алдында Тұмаш та, Қадырия да «Қазақ әдебиеті» газетінде шығарған жыр топтамаларына маған арнаған әзіл өлеңдерін қосыпты. Сол күндері ақын құрдастар бір-біріне де әзіл өлең жазды, бірақ газетке ұсынбады.

(Ескерту: Қадырдың қағытпа өлеңі және менің Тұмаш екеуіне жазғаным осы газеттің 14 сәуірдегі санында жарияланған «Қадырияда» айтылған соң, оны мұнда қайталамадым.)

...Тұмаш қуанғанды жақсы көруші еді. Иә, жақсы көретін. Бәріміз де жақсы көреміз ғой, бірақ Тұмаш балаша ашық, ұзақ қуана білетін. Мысалы, өлеңдерінің жаңа жинағын бір күннен, бір аптадан, бір айдан кейін силай ма, қашан болсын жаңа ғана алғандай жайраңдап, жазған қолтаңбасын оқып жіберіп: «Құрдас, ей, қалай? Дұрыс па?» дейтін. Мен отбасын екінші рет құрған 1987 жылы шыққан «Тынық мұхит дәптері» жинағын: «Жас арманмен ойна, күл, жүзге дейін өмір сүр!» деген қолтаңбамен беріп тұрып: «Бұдан былай ойын-тойда сенің жас қатыныңмен – Заданмен ғана билеймін. Әнеугүні көрдің ғой, қандай жарасып биледік, ә?!» деп қулана күлгені әлі көз алдымда. «Ұзара бер, Ұлы жол!» жинағындағы қолтаңбасы: «Ғаббас! Жер бетінде жүре берейікші! Қалғанын көре жатармыз» еді...

Кең маңдайы күмбездің беталдына ұқсап, қиықша көзі жылылық тарата күліп жүруге жаратылған жан еді. Әсіресе талапты жас ақындардың газет-журналдағы өлеңдерін оқығанда: «Тұтастай алғанда орташалау, бірақ мына жолдарын қарашы, сөз қолданысы, ой-өрнегі – өзінікі!» деп мақтайтын. «Жақсы!» деп бағалағанын оқығанда оны өзі жазғандай жайраңдап, масаттанып, кейбір тармақтарын, шумақтарын да қайталап оқып, «жағасы жайлауына кетіп» отыратын. Сондай сәулелі сәттерінің бірінде:

– Тұмаш, ей! Сен бар ғой, жас ақын шәкірттеріңнің арасында жүргенде балапандарын шұбыртқан мекиенге ұқсап кетесің, ә?! – деп «шымшып қалғанымда» ол басын шайқай мырс-мырс етті де:

– Однако әтешіміз сен емессің, сені бұл жақтан баяғыда-ақ қуып тастадым ғой! – деді.

– Оның рас. Осы өмірінде бір білгендік жасағаның сол болды! – дедім. Күлкіміз тағы табысты, тағы жарасты.

«Таңның айтқан жырына қабақ шытпан,
Ләззәт алып тұрады жаным шықтан.
Бұтақтарды сәндеген жас жапырақ
Менің кеше кеудемді жарып шыққан».

Аға ақындары Тұманбайдың осы бір шумағынан іні ақындарының «бұтақтарды сәндеген жас жапырақтар» екенін аңғарамын!.. Тұмаштың қатты күйіренген екі сәтін көрдім.

Өскеменде едім. Марқұм болған апайымның жылын өткізуге ауылға барғанмын. Жиналған ағайындар, таныстар тарқап, оңашаланған әредікте сондағы журналшы досым Тоқан Берғалиев жаныма келіп, әншейіндегі аңқылдап қатты сөйлейтін әдетінен тыс пәс үнмен: «Ғабке, Тұманбай құрдасың, Тұмашың қиын жағдайға душар болыпты. Құралай атты қызы қайтыс болыпты, газеттерде көңіл айту жүр» деді. Өне бойым ысып кетті...

Екі күннен соң Алматыға оралып, таңды шала ұйқымен әрең атырып, Тұмаштың үйіне бардым. Диванда бүрісіп отырған қайран құрдасым көзінен жасы тамшылай тұра беріп: «Сен қайда жүрсің?!» деді. Құшақтастық. Жас төктік. Қол орамалмен бетін басып, иығы дір-дір еткен Күлтайды да жұбатып бақтым...

Құралайының іңгәлап келгенін, бесікке бөленгенін, отау шыққанын, нәрестелі болғанын әкелік шексіз қуанышпен шаттана сан жыр жазған Тұмаш... жо-жоқ, жоқ... Тұмаштың құлыншағынан айырылған қайғылы халін кейін кімге болсын айта алған емеспін, енді жаза да алар емеспін...

Екінші сәті. Қадыр көз жұмған күні сол үйдің есігі алдында ұшыраса қалғанымызда: «Ғаббас! Құрдас! Енді қайттік?! Не болдық?!» деп құшақтай алды. Құшағымыз да, көз жасымыз да қосылды. «Тұмаш, жазмыш қой! Тағдыр ғой, Тұмаш!» дедім. Басқа не айтқандай едім?!.

«Шынымен Қадыр келмей ме елге қайтадан?..
Көңілім менің көңілсіз бүгін айтады ән.
Бермей ме маған: тапқандарынан сұратпай,
Білгендерінен, көргендерінен, байқаған...

Қадырым менің, қадірлі асыл құрдасым,
Кеттің-ау ерте, дүниеге симай бір басың...».

Бұл – егіздей екі дос ақындардың бірі бақиға аттанғанда фәниде қалған екіншісінің жоқтау жыры.

«Доссыз ауыз тұщымас...». Тұмаш Қадырды жоқтап жүрді. «Ойға да, тілге де бай еді-ау!.. Әзіл-қалжыңға кезек тигенде қай-қайсысымызды да қырқа шалып тастаушы еді, ә?!» деп, Қадырияның өлеңдерін келтіре, әзілдерін қайталай естелік айтатын. Бірақ Алматыда құрдастық жарасыммен, ақындық өнер жарысымен бірге өткізген жарты ғасырдағы қызықтарын Тұмаш жазып үлгірмеді, – арада екі ай өте бере өзі де бақиға бет түзеді...

– Құрдас, ей, соңғы кезде қалайда шаршап жүрмін, төсекке жантая бергім келеді, – деген еді бірде Тұмаш.

– Жәкеңнің жүзіне болмаса да, тоқсанға жетуге қамдан, жантая бермей! – деп едім мен, Жамбыл атамызды еске алып.

– Жәкеңнің сүйегі асыл болған ғой, – деді ол.

– Сен анау аққұбаларың азайып... – дей бергенімде ол қолын сілтеп:

– Қойшы, ей! – деп, кеудесін аралап әрең шығатындай қырылдақ үнмен қарқылдап күлді.

Тұмашымның күлкісін естімегеніме, міне, бір жыл...

«...Қайдан келдім, қайда барам,
Қайда барам мен осы?
Көрінгендей кейде маған
Дүниенің төбесі.
Мәңгі тірі жүрермін бе,
Айтып өмір бір әнін.
Ұрпақтардың жүрегінде
Болар соңғы тұрағым...».

2012 жыл

* * *

Тұмаштың 80 жылдығы туған жері – Еңбекшіқазақ ауданы орталығында *(Алматы облысы)* сәуір айында аталып өтті. Осы естелігімді Тұмаштың бес фотосын қоса, қолкітапша етіп, той сахнасында «келіншегі» Күлпәшқа күміс білезікпен бірге сыйладым.

✍ **Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,**
2015 жыл

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Туған жерге туыңды тік

Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Арман Өтеғұлов бастаған делегация Алматы облысындағы Жамбыл ауданында болып, «Тексан Қазақстан инвест» электр бұйымын шығаратын зауыттың өнімімен танысты. Делегация мүшелерін Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашев пен Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев бастап жүрді.

ЭЛЕКТР ШАМЫН ШЫҒАРАДЫ

Халқымыз «Бірлік бар жерде – тірлік бар», – деген қағиданы қастер тұтады. Осы тәмсіл жұмыла көтерсе, жүктің жеңіл болатынын аңғартып тұрғандай. Ел даналығына бас иген халық қалаулысы өңір экономикасының дамуы үшін өздері басқаратын аймақпен шектеліп қалмай, өзге облыстағы әріптестерімен бірлесе дамуды қолға алғаны қуанарлық жағдай. Сөзіміздің дәлелі ретінде айтсақ, Батыстан келген қонақтарға «Тексан Қазақстан инвест» өнеркәсіп зауытының директоры Диас Құрмашев «Шамның түр-түрін және металл құрылғыларын шығаратын зауыт кеңсе, көше, тұрмысқа қажетті 300 түрлі шам шығарады. Бүгінгі таңда бізден таңдап алатын дүние аз емес. Сондықтан, сұраныс та көп. Қазір кәсіпорынның бес қалада бөлімшесі, ал 12 аймақта ресми өкілі бар. Зауыт өнімінің сапасы заман талабына сай. Ресей мен Қытай өніміне қарағанда бағасы анағұрлым арзан. Ауыстырып орнатуға қолайлы және өнім сапасына кепілдік беріледі. Егер Батыстағы ағайыннан сұраныс түсіп жатса, жеткізіп бере аламыз. Олар ашқалы отырған зауыт жұмысшыларына тәжірибе жүзінде көмек көрсетуге дайынбыз», – деді. Арнайы сапармен келген делегация құрамы жыр алыбы Жамбылдың аруағына зиярат етіп, құран бағыштады. Ақынның мұражайымен танысып, мұндағы қастерлі жәдігерді тамашалады.

Осынау делегация сапарының маңыздылығы туралы аудан әкімі Жандарбек Далабаев «Жетісу өңірі негізінен аграрлы аймақ болғандықтан, ауыл шаруашылығы мен шағын және орта кәсіпкерлік саласын дамыту үшін Елбасының жүктеген тапсырмасы бойынша арнайы жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Сонымен қатар Жамбыл ауданы облыс бойынша әлеуеті артқан, қарқынды даму үстіндегі табысты аудан болып есептеледі. Бізде ауыл шаруашылығымен қатар түрлі кәсіпкерлік өндірісі мен бизнес ошағы жаңаша бағытпен жетіліп келеді. Солардың ішіндегі бірегейі осы «Тексан Қазақстан инвест» өнеркәсіп зауыты. Өзімізде шығарылатын отандық өнімді қолдау мақсатында «Қазақстанда жасалған» атты акцияны жүзеге асыру идеясын алғаш рет үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы ұсынған болатын. Сол негізде өзге өңірмен тәжірибе алмасу тапсырмасы аясында Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Арман Өтеғұлов бастаған делегация ауданымызға ресми сапармен келіп отыр. Мал шаруашылығы дамыған аймақ пен агроөнеркәсіп бағыты өрістеген өңірдің өзара қарым-қатынас жасауы, тәжірибе алмасуы ел экономикасын одан әрі дамытуға серпін берері сөзсіз», – деді аудан әкімі.

Иә, айтса айтқандай, Ақ Жайық пен Алматыдағы ағайын Жамбыл ауданындағы жарқын жетістікті көзімен көріп, көкейіне түйіп аттанды. Бұл сапардың алдағы уақытта екі жаққа тиімді болары даусыз.

Береке

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласында әр азамат өзінің туған жері, өскен өлкесіне шама-шарқынша шарапатын тигізуі керектігі жайлы айтқан болатын. Бұл бастама бірден көптің көңілінен шығып, Жетісу жұртшылығы тарапынан қолдау тапқаны анық. Еңбекшіқазақ ауданының Ащыбұлақ ауылында өткен игілікті шара осының айғағы.

ӨНДІРІСКЕ ӨҢ КІРДІ



Ауылдық округке қарасты Қазақстан, Ащыбұлақ және Жүнісбай Қайыпов елді мекендерінде 10 мыңға жуық тұрғын бар. Үш ауылда – үш орта мектеп, екі дәрігерлік амбулатория, 370-ке жуық шаруа қожалығы өз қызметін атқарып келеді. Кеңестік кезеңде мұнда негізінен алма және жүзім өсірілді. Қазіргі өз алдына жеке қожалықтар да осы бағытты ұстанып келеді.

Ауа райы жеміс-жидек өсіруге оңтайлы болғандықтан, төрт-бес жыл бұрын «Амал – БИО Астана фруктус» компаниясы жарамсыз жатқан жер телімін алған болатын. Тау бөктерінде тас басқан ойлы-қырлы жерді тегістеп, жеміс ағашын егуге жарамды ету үшін де мол қаржы мен күш-қайрат жұмсалғаны анық. Нәтижесінде бүгіндері 160 гектар алқапта тамшылатып суару әдісімен жарақталған, заман талабына сай алма бағы көзді қуантып, көңілді сүйсіндіреді.

Енді «Амал – БИО» компаниясының жетекшісі Елбасы мақаласына орай туған жерін көркейтуге өз үлесін қосуды ойға алыпты. Ащыбұлақ ауылында өткен алқалы жиын осыған арналды. Ауыл тұрғындарымен қатар мұнда ауданның әр шалғайынан мәслихат депутаты, «Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі, үкіметтік емес ұйым жетекшісі, этномәдени орталық өкілдері көптеп жиналды.

Салтанатты жиында алғашқы болып сөз алған Алматы облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар Елбасының «Туған жер» бағдарламасы бойынша бірінші болып, игілікті істі қолға алып отырған Ащыбұлақ ауылы тұрғындары мен жиналған қауымды берекелі бастамамен құттықтай келіп, сәттілік тіледі:

– Жуырда «Амал – БИО» компаниясының басшысы Асқар Сабыров облыс әкімі Амандық Баталовқа арнайы жолығып, осынау бір шарапатты шараны қолға алғалы отырғанын айтқанда қуана қолдаған болатынбыз, – деді Жақсылық Мұқашұлы сөзін сабақтап. – Әрине, ақша деген ешқашан артық етпейді. Алайда өз қаржысын ауылды көркейтуге, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға жұмсаймын дегенін үлкен азаматтық деп білеміз. Кеңес кезінде ауыл тұрғындары оқытатын орталық, одан кейін спорт алаңын жасау жөнінде бастама көтеріліпті. Осынау игілікті, сауапты әрі көпке үлгі боларлық шараға қолдау көрсеткені үшін ауылға арнайы ат басын тіреп отырмыз. Еңбекшіқазақ ауданы халық саны жағынан облыста көш бастап келеді. Осы ауданда жыл басында демалатын саябақ бүгінгі күні тозып, қоқыс шығаратын орынға айналып кеткендей. Сондықтан, біріншіден, саябақты қайтадан қалпына келтіріп абаттандыру, екіншіден, ауыл баласына арнап ағылшын тілі мен информатиканы өлкеміздің екі миллионыншы тұрғыны дүниеге келгенін жақсы білесіздер. Елбасының «Туған жер» бағдарламасы бойынша алғашқы шара да осы ауданда жүзеге асырылуда. Бұл сіздердің еңбектеріңіз, туған жерге деген махаббаттарыңыздың жемісі деп білеміз. Бірер айдан кейін саябақтың, оқыту орталығы мен спорт алаңының ашылу салтанатына жиналамыз. Ендеше, мұндай ізгі қадам өзгеге де жұғысты болғай!

Салтанатты жиында «Амал – БИО Астана фруктус» компаниясының өкілі Динара Рүстембекова «Бүгін біз Сабыровтар отбасы атынан осынау шараны бастағалы отырмыз. Бұл ең алдымен, осы ауылдың халқына, әсіресе балалар мен жастарға арналады. Болашақта оқу орталығы мен демалыс аймағы тұрғызылады, – деді.

Осыдан кейін жастар атынан сөз алған қыз-жігіттер Елбасының бастамасын құп алып, ауылды көркейткелі отырған ізгі жүректі азаматтарға алғысын білдірді. Ауыл қариясы игі іске сәттілік тілеп, ақ батасын берді. Соңынан мәртебелі меймандар мен ауыл тұрғындары арнайы әкелген техниканың көмегімен саябақ ішін күл-қоқыстан аршуға жұмылды. Бұл шараны Жақсылық Мұқашұлы мен Динара Бостанқызы алғашқы болып бастап, өзгелерге үлгі көрсетті. Ал аудан өнерпаздары болса қуанышқа жиналған жұртшылықтың көңілін әсем әнмен тербеп, мерекенің әрін кіргізді.

Жаңа өндіріс

Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жасалған жағдай негізінде несие алып, нәсібін қамдап, кәсібін өрге сүйрегендердің қарасы мол-ақ. Міне, солардың атын атап, өрісті істерінің өнегелі тұстарын өңір тұрғындарына жеткізу үшін жолға шықтық. Нысанамыз – Алматы облысы Қаратал ауданының тұрғыны Ли Агафья басқаратын «Ли А.Д.» жеке кәсіпкерлігі.

БАЛКҮЛШЕНІҢ ДӘМІ

Жұмысын 1998 жылы «ЛАД» атындағы бірінші дүкенін ашудан бастаған кәсіпкер 2001 жылы жартылай дайын өнім өндіретін цех ашады. Сөйтіп, Алматы қаласының «Совет саудасы» техникумын үздік бітірген жас кәсіпкердің жұмысы жандана бастайды. Бұл ретте оның таңдауының осы кәсіп түріне түсуінің де өзіндік себебі бар. Ол кезде Үштөбе қаласында бұған ұқсас кәсіпорын болмауына байланысты өніміне сұраныстың көп болатынын межелеген екен.

Осылайша бірнеше жылдың айналасында аудан орталығында дүкен, кафе және жартылай дайын өнім өндіретін өндіріс орнының жаңа ғимараты бой көтереді. Сонымен қатар, 2010 жылы кондитер өнімін шығаратын цехты іске қосады. Нәтижесінде аймақ тұрғындары үшін бұл орын жиі бас сұғатын қажетті нүктеге айналады.

Шаруашылық басшысы Ли Агафья бізді цехта күтіп алып, бірден жұмыс барысымен таныстырды. Кірсең шыққысыз, тәтті тағамдар исі бұрқыраған цехта бүгінде 14 адам жұмыс істейді. Барлығы әмбебап. Мәселен, кондитер асханасына бас сұққанымызда жұмысшы Шынар Смакова кекс гүлдің пішінін салып жатса, Надежда Далькова «Молочная девочка» тортын, яғни балкүлшені әшекейлеу жұмысын аяқтап қалыпты. Ал енді бір түкпірде Мәдина Сейдахметова пешке нан жабумен айналысуда. Олардың айтуынша, мұндағы өнім қолмен дайындалатындықтан дәмді келеді. Мұндай тауарға тұтынушы тарапынан да сұраныс көп. Сұраныс демекші, қазірде «ЛАД» цехында өндірілетін кондитер және кулинария өнімі облыстағы көптеген азық-түлік дүкенінде сатыла бастаған.

Әңгіме барысында кәсіпкер осыдан бірер жыл бұрын «Даму Өндіріс-II» мемлекеттік бағдарламасына қатысып, 22 млн теңгеге қосымша тағы жұмыс орнын ашқанын тілге тиек етіп, жастарға кәсіпкерлікпен айналысуда батылдықтың керек екенін жеткізді.

– Бізде талантты да талапты жастар көп. Солардың бәрі бизнеске құштар. Бірақ қолында өзіндік қомақты қаражаты болмағандықтан, несие алудан қорқады. Бұл қате түсінік. Қазір кез келген уақытта аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті қолдау орталығына барып өз жоспарыңды айтуға, сол арқылы пайызы жеңілдетілген несие алып, шаруашылығыңды дамытуға мүмкіндік бар, – дейді ол.

Оның бұлай деуіне негіз бар. Күні кеше ғана шаруашылығын шағын несие есебінен тіктеген «Ли А. Д.» жеке кәсіпкерлігі қазір 100-ден аса адамды жұмыспен қамтуда. Сонымен бірге дүкенде сатылатын тауардың 80 пайызы отандық тауар өндірушілердің заты болғандықтан, сауда орнында арнайы «Қазақстанда жасалған» бұрышы ұйымдастырылған. Соның арқасында кәсіпкер аудан жұртының құрметіне бөленуде.

Бетті дайындаған
Қуаныш ТҰНҒАТАР,
Алматы облысы

Тасада қалған талант

Өткен күннің көбісі
елес бүгін,
Түсінгендер сенімсіз демес мұның.
Қозғайтұғын жаныңның
сағынышын,
Таң алдында бір нәзік ән
естідім...

Ибрагим ИСА

Қайдасың, қазақтың Лизасы?

ӨМІРДЕРЕК

Лиза Жүнісова 1965 жылы Атырау облысының Махамбет ауданында дүниеге келген. Жергілікті М.Горький мектебін алтын медальмен бітіріп, 1982 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтына түседі.

Әнші. Бүкілодақтық көптеген ән байқауының лауреаты. Қазақстан комсомол сыйлығының иегері. Алғаш үлкен сахнаға «Тамаша» ойын-сауық бағдарламасында көрініп, Өтеген Күмісбаевтың сөзіне жазылған сазгер Ахмедия Есмұқановтың «Тамшылар» әнін орындайды.

2001 жылғы наурыз айында Республика сарайында жеке концерті өтеді.

2003 жылы «Таң алдындағы ән» атты республикалық әншілер фестивалін өткізеді.

Содан бері жым-жырт...

* * *

ӘН МЕН ӘНШІ... СІЗ БЕН БІЗ...

Әншісі табылмаса ән жетім. Тыңдаушысы болмаса әнші жетім. Ыңылдың бәрі ән емес. Әу демейтін қазақ болмайды. Алайда есті қазақ айқайға бармайды. Содан да қазақ баласы әннің қоңырына әуес. Жеңсік асындай құлағына құя береді. Әншінің де талайы бар. Бірде әні табылмаса, енді бірде тыңдаушысы табылмай жатады. Лизада осының барлығы болған.

Оның көкірегі қашанда ояу болды. Ол қашанда іштей ән салып жүрді. Әке-шешесі әлпештеп онды бітіртіп, үкілеп оқуға жібергенде темір-терсектің оқуына түскені бар емес пе... Темір-терсек болғанда құрылысы, сәулеті. Терешковаиы қаншама үкілегенімен екінші қар ғарышкері болмады бізде. Ангелина болды, оның ізін басқан сіңлілері де шықты. Май-май болып. Кейін олардың барлығы шілдің боғындай пышырады. Өйткені мұның өзі қар табиғатына келмейтін шаруа болатын. Әйел баласы ең алдымен нәзіктік. Сонан соң мейірімділік. Сонан кейін барып жасампаздық... Кейінгісі әйелдің отбасына берер тәрбиесі. Осының қайсысы болсын есті әнсіз өтпейді. Бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен астын құрғатып жатады. Аузы әннен босамайды. Бесік жырын бір айтса, тәй-тәйін тағы айтады. Баланы сөйтіп әнге суарып өсіреді. Өзі де суарылады...

Не істесе де әннен ажырамады. Оның үстіне тағдыры Жүніс Бейсендей азаматымен жолықтырды. Ол да құрылыс-сәулеттің оқуын тәмамдаған. Сәулеткер. Осы айшықты Алматының бедерінде оның да қайталанбас қолтаңбасы бар. Соған қарамастан ол барынша музыкант болатын. Жақсы мағынасында. Ойнамайтын аспабы болмайтын. Ол ойнамаған қазақтың аспабы қалмаған шығар. Алғаш бетте қазіргі аспаптардың барлығы бірдей бола бермеген. Соның жабайы түрін Бейсен өз қолымен жасап еді-ау. Бейсеннің мұндай өнерін көрген Болат Сарыбаев ағасы өз үйін босатып берді бұларға. Өнердің жампозы еді-ау Болат аға! Ақселеу ағалары айтпақшы, бұл ән салады, Бейсен болса тамсанады. Шынтуайтында, бертінге дейін Бейсеннің өзі сүйемелдеген. Сонан Бейсен бәрін тастап шыққан!

«Тамшылар» әнін де тауып жүрген Бейсен болатын. Бәлкім, «Тамшының» бағын бұл ашты, бәлкім, мұның бағын «Тамшылар» ашқан болар. Анығы Лизадан кейін Алматының бүкіл студенттер аудиториясы ән салып тұрды. «Тамшыларды» айтып. Сонан кейін басталды дейсің... Түрлі байқаулар мен фестивальдер... Соның біреуінен құр оралмаған екен. Бүкілодақтық ән байқауының лауреаты атанды. Қазақстан комсомол сыйлығын да іліп түсті.

Өзі тұстастарының алды болып Республика сарайында концерт берді. Бұл көз көріп, құлақ естімеген шаруа болатын ол тұста. Бұл кезде ән төңірегінде пысақайлар көбейе бастаған. Әнді өнер деп емес, табыс көзі деп пайдаланушылар шықты. Қызғаныштың айыр тілі мұның да алдынан шыққан.

– Мақпалдың сіңлісі екен, – деп жатты Алматы.

– Тек есімі айтып тұр, – деді қоштаушысы.

– Әпкесінен аумайды екен, – деп жатты біреулері.

– Дауыс та ұқсай береді екен-ау, – десті екіншілері.

Расында да оның тек есімі Жүнісова болатын.

Бәрі де рас. Тек Мақпалдың сіңлісі емес, келіні болатын. Өйткені Бейсен Арқаның азаматы еді. Екеуі де қарағандылықтар. Бір топырақтан..

Соңынан түсініксіз жайттар басталды. Теледидардан түспей тұрған бейнефильмдер ұшты-күйлі жоғалды. Өзінің қатысуымен өткен концерттер қайшыға ілікті. Бұл арашашы іздеді. Әділдік іздеп. Ал ол деген әуре-сарсаң екен. Барлық уақытыңды алады. Бір айдан кейін өзі де безіп шыққан.

Қалған әнін бесік жырымен жалғастырған. Өмірге көзінің ағы мен қарасындай Дидары мен Арнасын әкелген. Бұл тыңдаушы табылғанына қуанған. Әсіресе, Арнаның әнге деген бейімі жастай білінген. Кейінде сүйрегендей болып Күләш апасының атындағы музыка мектебіне апарған. Одан кейін консерваторияға да түскен. Өзінің шыға алмаған биігіне Арнасы жетті. Ол Ла-Скалада ән шырқады!

Лиза Жүнісова бүгінде ән салады. Үлкен сахнаны қазір желөкпелер бермейді. Анда-санда Қазақ радиосы беріп қояды. Қазірде екі бейнефильм түсірілген. Бұл біле білген адамға ен байлық. Ал Лизаның өзі болса Алтынай, Гүлмайдан сынды кішкене тамшыларды үлкен сахнаға алып шыға алғанын мақтан тұтады.

Ла-Скалада ән салу бақыты
бұған бұйырмады.
Алайда Арнасы ән салды.
Ол үшін мұнан үлкен бақыт жоқ.
Шаһада деп куәгер жанды айтады.
Мен оның әнін тыңдап отырамын.
Ол сахнадан кеткенімен
әні кеткен жоқ...
Қайдасың, қазақтың Лизасы?

Төрехан МАЙБАС,
жазушы
Қарағанды

Жаңғыру

Алматы қаласының «Достық үйінде» 5 мамыр күні республикалық этномәдени бірлестік жетекшілері, Қазақстан Халқы ассамблеясы (КХА) кеңесі мүшелерінің қатысуымен республикалық жиын өтті. Ұйымдастырылған шара «Елбасының Қазақстан Халқы ассамблеясының XXV сессиясында берген тапсырмасын жүзеге асырудағы этномәдени бірлестіктердің атқаратын міндеті» тақырыбына арналды.

МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН

Кездесу барысында қатысушылар мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласын, сондай-ақ мемлекет басшысының ассамблея сессиясында жүктеген міндетін жүзеге асыру мәселесін талқылады.

Өз сөзінде ҚХА төрағасының орынбасары хатшылық меңгерушісі Дархан Мыңбай: «Бұл мақала – еліміздің бірегейлік пен бірліктің, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың экономикалық, әлеуметтің нығаюы мен дамуының тиімді жолы. Сонымен бірге Елбасы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның рөліне тоқталып, бағдарламалық мақалада көрсетілген жобаның терең зерттелуінің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Халқы ассамблеясының рухани жаңғыруға белсене атсалысатынына сенім білдіре отырып, ассамблея мүшелеріне өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобаға тоқталды.

Ең бірінші «Туған жер» жобасы ассамблея үшін зор мүмкіндікке жол ашып береді. Екінші - «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына ассамблея тікелей қатысып, басы-қасында жүруі керек. Біздің қаншама замандастарымыз, қаншама ассамблея белсендісі ел игілігі үшін риясыз қызмет етіп жүр. Ұлтына, қай өңірден шыққанына, жынысына қарамастан, біз олардың барлығын елге таныта білуіміз керек. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол – азаматтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі. Үшінші – Ассамблея «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына табысты атсалыса алады, – деді.

Сондай-ақ Елбасы жастардың сана-сезімін қалыптастыру үшін айрықша маңызы бар «Жаңа гуманитарлық білім» жобасын атап өтті. Жоба әлемнің жетекші тілдерінен ең үздік оқулықты қазақ тіліне аударуды көздейді. Философия, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, шығыстану салалары бойынша ағылшын, орыс, француз, испан тілінде және басқа да тілде басылған тамаша оқулық бар. Оқу процесіндегі ғылыми айналымға олардың енгізілуі отандық білімді жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдіргенін» зор ықыласпен жеткізді.

Жиын барысында ҚХА ғылыми-зерттеу кеңесінің мүшесі, профессор Георгий Кан да өз ойын ортаға салды.

Ол «Бүгінгі жиын Елбасының ҚХА XXV сессиясында берген нақты тапсырмасының орындалуына, болашақтағы бағытының айқындалуына арналып отыр. Әрбір отандасымыз қазақ елінің мәдениетін құрметтей отырып, ұлттық кодтың жасалуына өз үлесін қосуы керек. «Ұлттық код» ешқашан мәнін жоймайтын, ешқашан бұзылмайтын дүние. Түркі халқының даналығы сонда. Қанша ұрпақ жаңарса да, тектілігін жоғалтпай келеді. Біз талай зұлматты жылды бастан өткердік. Осы уақытқа дейінгі ұлттық салт-дәстүрден ажырамай келуіміздің басты себебі – ұлттық тіннен деп ойлаймын. Елбасының рухани жаңғыруға байланысты айтқан ойы қазіргі қоғамның ең жанды жеріне дөп тигендей. Экономикасы қалыптасқан мемлекеттің ендігі міндеті – рухани жаңғыру болмақ. Ұлттың рухани әлемін байытуға және жаңғыртуға бағытталған мақала ата-баба салған сара жолды қайта түлететіні сөзсіз», – деді.

«Биыл еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі. Ендігі міндет – Елбасы тапсырған мақсат-міндетті орындау. Мен көздеген жұмыстың бәрі орнымен және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озық болуы тиіс. Әрқайсысымыз ел дамуына жұмылып атсалысуымыз керек», – деп өз ойын аяқтады «Наири» армян ұлттық бірлестігінің жетекшісі Артуш Карапетян.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Иман

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының жанындағы «Ғұламалар кеңесінің» ұсынысымен Алматыдағы «Нұр -Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде «Алаш және Дін» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

АЛАШ пен ДІН

«Алашорда үкіметінің» 100 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл жиынға Бас мүфти Ержан қажы Малғажұлы, университет ректоры Жуда Абдулғани Басюни және ғалымдар мен студенттер қатысты. Конференция басында әнұранымыз шырқалып, «Алашорда» қайраткерлерінің әруағына құран бағышталды. Зиялыларымыздың ел ертеңіне жасаған еңбектері бүгінде жақсылыққа жарағаны ақиқат. Бұл басқосуда кешегіміз бен бүгініміз сараланып, ғалымдар дайындаған баяндамаларын оқыды. Алдағы уақытта «Алаш және Дін» тақырыбына тереңірек тоқталып, еңбектер жазылуын қолға алу керек деп шешті. Сонымен қатар Алматы қаласы маңындағы «Жаңалық» ауылында 4 жарым мыңдай адамның репрессия кезінде жерленгені мәлім. Ол жерде мұсылман діни қызметкерлері де бар. Олардың рухын ардақтау мақсатында ғибадатханалар мен мешіттер салынса деген ойлар да айтылды. Конференцияда алғашқы сөзді бас мүфти Ержан қажы Малғажұлы бастады. Оның айтуынша, ислам діні – алты алашымыздың айнасы. Тәуелсіздік үшін рухани Һәм саяси күрес, шайқастың ең ұлысы. Ол «Рухы қазақ, табиғаты еркін, өр ұлтымыз отаршылдыққа көндіккен жоқ. XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов бастаған алаш зиялылары қазақ елін қайта қалпына келтіру үшін жаңа мазмұнмен жаңа сапада күресу керектігін айқын сезінді. Дәлірек айтсақ, найзаның ұшы, білектің күші, құр жалаң қолмен жауға қарсы тұрудың дәуірі өткенін, ендігі кезекте ғылыми өркениет негізінде өрбуі керектігін, яғни заманауи ілім, біліммен қаруланып, ел ынтымағын арттырып, ұйымдасып күресу арқылы ғана егеменді ел атанатынын анық түсінді. Осы тұрғыда алаш зиялылары ең алдымен оқу-ағарту саласында көп тер төккен. Бүгінгі тәуелсіздігіміз – елімізге қалдырған алаш оғландарының аманаты. Яғни «Алаш» идеясы мәңгілік жалғасын таба береді. Оған үлес қосу – әр мұсылман қазақтың қасиетті борышы», – деп атап өтті.

Осы орайда «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор Жуда Абдулғани Басюни да тарихымызға қысқаша тоқталып, құттықтауын жеткізді.

Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов атындағы, тарих және этнология институтының директоры, профессор Хангелді Әбжанов «Алаш қозғалысы және әлемдік тарих кеңістігі» атты баяндамасында Алаш қозғалысының мақсатын талдап көрсетті. Оқу-ағарту мен діни тұрғыдағы тағлымдамасында қайраткерлеріміз әлемдік өркениетте ұлтымыз оқу-ағартудан өркендеп, көркейетіндігіне сенгендігін жеткізді. Осылайша қазақты әлемдік тарих кеңістігімен байланыстыра отырып, сауаттылыққа жан-жақты жақындастыруды көздегенін кеңінен тарқатып берді.

Алаш қозғалысына біздің тек қана зайырлы азаматтар ғана емес, дін адамдарының да қатысқандығы жайында «Әділет» тарихи – ағарту қоғамы төрағасының орынбасары Бейбіт Қойшыбаев баяндады. Ол дін өкілдерінің елдің болашағы үшін сіңірген еңбегінің өлшеусіз екенін айтты. Сондай-ақ Наурызбай Таласов пен Шәймерден Қосшығұловтың қызметіне толықтай тоқталды. «Алашорда қайраткерлерінің рухына тағзым ету – тәуелсіз ел азаматтарының парызы деп білейік», – деді.

«Алаш – таным: мемлекеттік мәселесіндегі діннің орны» атты баяндамада Семей қаласындағы «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Тұрдықұл Шаңбай «Алаш» идеясының кешегісі мен бүгініне тоқталды. Оның айтуынша, «Іштегі тыныштық берік болуы үшін дін жолындағылар мәдениет пен дәстүрдің, иманның бір-бірімен қашанда ұстас, сабақбас болғаны абзал. Кеңес үкіметі кезінде дін қайраткерлеріне оңай болмағаны рас. Қазір бұл мәселе толықтай шешілді деп айта алмаймыз. Ислам діні ешкімді алаламайды. Қазақ елінде дін мен дәстүр егіз. Бірлігіміз жарасқанда ғана көкжиегіміз көркемденеді. Халық – шалқыған мұхит. Оны шайқап, тұнығын лайлаған абырой таппайды», – деді. Сонымен қатар ол Шәкәрімнің, Мұхаметжан Тынышбаевтың және Әлихан Бөкейхановтың дін мәселесіне сын көзбен қарағандығын және түрлі еңбектерін атап, тізбектеп берді. «Алаш алыптары саяси аренаға автономия ретінде шыққанымен, қазақтың еркін қалыптасуына күш салып, еңбек етті. Сол жолда шахид болды. Олардың қасиетті есімі, ерен еңбегі халқының жадында құрметпен аталады», – деп Т.Шаңбай өз сөзін түйіндеді.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

ДӘСТҮР

Беташар діліміз бе?

Беташар – бағзыдан қалған дәстүр. Жаңа түскен келінге жасалады. Рәсімді отауда, жас жұбайлардың шаңырағында атқарған. Беташарға келіннің қайынжұрты – ауыл-аймақ толық жиналады. Келін өзінің болашақ жұртымен алғаш рет желек астында танысады. Ал жас келіннің бетін жабу – бұл мән-мағынасы терең ғұрып.

КЕЛІННІҢ БЕТІН НЕГЕ ЖАБАДЫ?

Адамның беті көзі тірі кезінде жабылмайды. Жалпы, біздің қазақ, түркі халықтары адамның бетін жабуды жақсы ырымға баламаған. Мысалы, осы ғұрып Американың үндістерінің арасында сақталыпты. Түркі халықтарының арасында да бүгінге жетіп отыр. Сонда біздің халықта адамның беті қай уақытта жабылады? Қыз дәурені өтіп, басындағы ақ орамалы алынып, келіншек дәурені жетіп, біреудің босағасын аттаған уақытта, яғни осы кезде оның беті бірінші рет жабылады.

Келіннің бетін жауып әкеліп, ел-жұрттың алдында ашу – жаңа адамды қабылдау. Дала ұғымы бойынша, беташардың астарында рухани тазарту ғұрпы жатыр. Келін – қыз кезінде белгілі бір рудың өкілі. Ал әрбір ру жеке космос-әлем. Ол рудың бойында өздеріне ғана тән жақсылық, жамандық қасиеттер болады. Сонымен бірге ата-бабасының бойында көптеген жүк, қарыз болуы мүмкін. Асыл-ізгі дүниелер болуы мүмкін. Бұрынғылар бір рудың бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді екінші рудың бойына өткізбеуге тырысқан. Сол үшін келіннің бетіне орамал жауып әкеліп, ашады. Орамал жабу арқылы келін рухани тазару керек. Оның жаны да, тәні де тазарады. Бір космос-әлемнен екінші космос әлемге өткен уақытта келін таза күйінде келуі шарт. Біздің бабаларымыз осы тазалықты сақтаған.

Қазақтың бір жақсы сөзі бар: «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» – деген. Мұнда нені меңзеп отыр? Біздің қазақ аяғы ауырлап келген келіннен қорыққан. Тіпті шошыған. Өйткені, келін аяғы ауырлау арқылы өзінің отанындағы бүкіл жақсы-жаман қасиеттерді келесі әулетке алып келуі бек мүмкін.

ҚАМШЫМЕН БЕТ АШУ

Қамшымен бет ашудың үлкен мән-мағынасы бар. Бұрын беташарға қошқар сойған. Қошқардың қамшысын пышақ тигізбей сылып алып, кәдімгі дойыр қамшының өзегіне салып, өрген. Сөйтіп, бетті сол қамшымен ашқан. Қамшы – бір заманда батыр-баһадүрлердің қолына ұстаған қаруы болды. Сондықтан, қамшыны серт деп түсіндік. Қамшымен ашу – серт беру деген ұғымды білдіреді бір жағынан.

Келіннің табанының астына біз не төсеп жүрміз? Бұрынғы баба қазақ қошқардың терісін төсеген. Яғни бөстек төсейді. Бізбен туыстас ноғай халқында осы дәстүр сақталыпты.

Беташар кезінде келіннің екі жағына бала туған, күйеуге тиген, бақытты адам болып есептелетін екі жеңгесі тұру керек. Олардың беті бір-ақ рет ашылған болуы шарт. Бұрынғылар бет ашатын адамға қатты мән берген. Мысалы, келіннің бетін кім ашады? Қазір келіннің бетін синтезатормен ашады. Және кім көрінген ашады. Ескі қоғамда олай болмаған. Келіннің бетін ашатын адам сол рудың белгілі адамы болу керек. Яғни сол рудан шыққан ақын болуы керек. Ол уақытта жырау, әнші, жыршылар бет ашқан жоқ. Бетті ақындар ашты.

Қазір жасы 25-26 жасқа келген жігіттер үйленіп, солардың дос жігіттері қамшы ұстап бет ашады. Бұл дұрыс емес. Қазақ мүшелмен жыл қайырады. Қамшы ұстайтын бала бірінші мүшелдің о жақ-бұ жағында болуы керек. Екінші мүшел – 25 жас. Оған рұқсат етілмейді.

«Ерден кетсе де, елден кетпейді» – дейтін қасиетті сөз бар. Азаматы қайтыс болса, келін қайнысына, қайын ағасына, олар болмаса, сол әулеттегі жақын біреуіне қайтадан неке салады. Сөйтіп, өсірген ұрпағы сол әулетте қалады. Шығыс халықтарында келін – рудың меншігі болып есептеледі, бізде де солай болған.

Айтып берген жыршы-өнер зерттеуші Берік ЖҮСІПОВ.
Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН

ФАКТ

Кененнің әні кітапқа енді

Алматыда кәсіби әнші, жыршы, термеші, музыка зерттеушілері, жоғары оқу орны мен арнайы музыкалық мектепте оқитын жас өнерпаздарға да таптырмас оқу құралының тұсауы кесілді. «Алатау әуендері» атты кітапқа Кенен Әзірбайұлының «Анам-ай», «Көктем мерекесі», «Жеңіс тойы», «Өтеді-ау өмір» секілді әндері жарияланды.

Кітапқа Үмбетәлі Кәрібайұлының «Арпа-бидай», Пішән Жәлмендеұлының «Дүние, шіркін» секілді бұрын нотаға түспеген туындылары енді.

Жетісудың жыршылық, әншілік мектебінің негізін қалаушылар – Қабан жырау, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Бақтыбай, Сарыбас, Бармақ, Кенен, Үмбетәлі, Қалқа, Дәнеш сияқты өнер саңлақтарының өшпес өнер туындылары толықтай зерттеліп бітті дей алмаймыз. Бұл толқыннан кейінгі шоғыр, өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы нәубет пен зобаланда асыра сілтеудің, құғындаудың құрбаны болған арыстар, «халық жауы» атанған Сәдіқожа, Пішән, Көдек, Қапез, Рыскелділер де қапияда қаза тапса да, артына мол мұра қалдырып кетті. Халық композиторларының артындағы мол мұрасы толықтай зерттеліп, хатталып, бір ізге түсіріліп, жоқ-жітігі бүтінделіп біткен жоқ. Зерттейтін, зерделейтін жұмыс әлі де шаш-етектен.

Аласапыран заманда өмір сүріп, елдің мұң-мұқтажын жоқтаймын деп қарауылға ілінген, құғынға түсіп, атылып, итжекке айдалған арыстардың ел ішінде, халық арасында көмулі жатқан туындылары әлі де бар. Тек ынта танытып, індете іздейтін зерттеушісі болса, қазақтың ән өнеріне әлі де мол мұра қосылары анық.

Басқаны айтпағанның өзінде екі ғасырдың куәсі болған тоқсан жастан асып өмірден өткен Кенен Әзірбайұлының мұрасы толыққанды зерттеліп, зерделенген жоқ. Мақала, эссе, естеліктер жазылды, жазылып та жатыр, Айгүл Жақсылыққызы диссертациялық жұмыс жазды. Бірақ бұл Кенен Әзірбайұлының мұрасы толық зерттеліп бітті дегенге жауап емес.

Музыка зерттеушісі Шолпан Даржанова талмай еңбектеніп, осы олқылықтың орнын аз да болса бүтіндеп, орасан еңбекті жарыққа шығарды. Қапез Байғабылұлының да айтылмай келген әндері нотаға түсіріліп, жинаққа енген. Мұхит Бақытжанұлының қаржылай қолдауымен шыққан екінші кітап «Саясында алманың» деп аталады. Бұл кітапқа Қазақстанның Халық әртісі, әнші, композитор Дәнеш Рақышевтің орындауындағы әндер топтастырылған. Ән жинақты Дәнештің төл шәкірттерінің бірі – дәнештанушы әнші, ұстаз Нұржан Жанпейіс пен музыка зерттеушісі Мұрат Әбуғазы жүйелеп, құрастырды. Екі кітаптың тұсаукесері Жамбыл атындағы филармонияда өтті.

Нұрдан РАХМЕТОВ

ӨНЕРТАНЫҚТАН

Кәдеге жарамаған автобөлшек

Шымкенттік механиктер жарамсыз автобөлшектерден неше түрлі өнер туындысын жасады. Дүкеннің жанында қиял-ғажайып шытырман оқиғалы кино батырының негізінде салынған бес метрлік автобот трансформер орналасқан.



Мұны тұтынушылар «Жыртқыш» деп атайды. Жыртқыш қолына қару алған, аяғына спорттық үлгідегі аяқ киім киген. Оның кемел дәрежеде жасалғаны соншалық, өз еркімен қозғалып соғыса алатын деңгейде. Автомеханиктер, тіпті өз жұмыс орнын автобөлшектермен әрлеген. Сонымен қатар мәшиненің 300-ден астам фотосуретін қолданыпты.

«Дәуір» баспасы газет өндірісінің шебері

Әнуар ӘУБӘКІРОВТІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Әріптестері, достары

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ – *Астана қаласындағы меншікті тілші*

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – *арнаулы тілші*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*

Руслан ДОСТАЕВ – *web-редактор*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҰҢҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2116;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.